

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ**  
**СЕНАТЫНЫҢ ОТЫРЫСЫ**

**2021 жылғы 20 мамыр**

Отырысты Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Төрағасы М.С. ӘШІМБАЕВ жүргізді.

ТӨРАҒА. Қайырлы күн, құрметті депутаттар және отырысқа қатысушылар! Сенаттың кезекті отырысын бастаймыз. Депутаттардың тіркеуден өтулерін сұраймын. Тіркеу режимі қосылсын.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Қажетті кворум бар. Сенаттың отырысын ашық деп жариялаймын.

Құрметті сенаторлар! Енді күн тәртібін бекітіп алайық. Күн тәртібінің жобасы сіздерде бар. Сұрақтарыңыз бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса, күн тәртібін дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Күн тәртібі бекітілді.

Құрметті әріптестер! Күн тәртібіндегі бірінші мәселе Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мақұлдаған «2021 – 2023 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде.

Осы мәселе бойынша отырысқа Ұлттық Банк Төрағасы, Премьер-Министрдің орынбасарлары, Қаржы, Ұлттық экономика министрлері залға келіп қатысып отыр. Барлық басқа министрлер және «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ мен «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ өкілдері бейнеконференц байланысы арқылы қатысуда.

Алдымен Ұлттық экономика министрінің, Қаржы министрінің және Ұлттық Банк Төрағасының баяндамаларын тыңдап, содан кейін сұрақ қоюға көшсек. Қарсылық жоқ па?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса, баяндамаларды тыңдайық.

Бірінші баяндама жасау үшін сөз Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрі Ерғалиев Әсет Арманұлына беріледі.

ЕРҒАЛИЕВ Ә.А. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті депутаттар! 2021 жылға арналған макроэкономикалық көрсеткіштер мен бюджеттік параметрлер болжамын нақтылау енгізіліп отыр.

Макрокөрсеткіштердің болжамы ел экономикасының өсуі бойынша жедел деректерді, әлемдік экономика мен нарықтағы үрдістерді ескере отырып нақтыланды.

Жалпы ішкі өнімнің өсу қарқыны қаңтар айындағы минус 4,5 пайыздан сәуір айының қорытындысы бойынша плюс 0,7 пайызға дейін жақсарды.

Макрокөрсеткіштерді нақтылау кезінде мұнайдың орташа жылдық бағасы барреліне 50 доллар деңгейінде айқындалды. Дүниежүзілік банк пен Халықаралық валюта қорының болжамдары бойынша әлемдік экономиканың өсуі осы жылы 4,3 пайыз және 6 пайызды құрайды.

Жоғарыда баяндалғандарды ескере отырып, ел экономикасының өсу болжамы 2,8 пайыздан 3,1 пайызға дейін жақсарды. Осылайша экономикалық өсім қалпына келу сатысында болады. Бұл ретте номиналды жалпы ішкі өнім 77,8 триллион теңге көлемінде бағалануда.

Сыртқы сұранысты қалпына келтіру аясында металлургиядағы өндірістің неғұрлым белсенді өсу есебінен өңдеуші өнеркәсіптегі болжамды көрсеткіштер 4,1 пайыздан 5,2 пайызға дейін жақсарды.

Құрылыста жоспарланған 17 миллион шаршы метр тұрғын үйдің пайдалануға берілуіне байланысты болжам 2,5 пайыздан 5 пайызға дейін жақсарды.

Ақпарат пен байланыста ІТ қызметтерге сұраныстың өсу нәтижесінде болжам 3,8 пайыздан 6,5 пайызға дейін ұлғайды.

Ұлттық Банктің болжамы бойынша экспорт 10,8 миллиард долларға, яғни 52,2 миллиард долларға дейін ұлғаяды. Импорт 37,1 миллиард долларды құрайды.

Инфляция бұрын бекітілген 4-6 пайыз дәлізде сақталды.

Түзетілген макроэкономикалық болжам негізінде 2021 жылға арналған республикалық бюджет параметрлерінің болжамы нақтыланды.

Республикалық бюджеттің кірістері трансферттерді есепке алмағанда 2021 жылы 7 триллион 204 миллиард теңге көлемінде бағаланады.

Ұлттық қордан кепілдендірілген трансферт өзгермейді және 2 триллион 700 миллиард теңге мөлшерінде сақталды.

Ұлттық қордан нысаналы трансферт 1 триллион теңгеден 1 триллион 850 миллиард теңгеге дейін ұлғаяды.

Республикалық бюджет шығыстары 15 триллион 334 миллиард теңге көлемінде болжанып отыр.

Бюджет тапшылығы жалпы ішкі өнімге қатысты 3,5 пайыз деңгейінде болжанып отыр.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Әсет Арманұлы, орныңызға отырыңыз.

Келесі сөз Қазақстан Республикасының Қаржы министрі Жамаубаев Ерұлан Кенжебекұлына беріледі.

ЖАМАУБАЕВ Е.К. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті депутаттар! Сіздердің қарауларыңызға 2021 жылға арналған республикалық бюджетті нақтылау жөніндегі заң жобасы ұсынылып отыр.

Нақтылау «Nur Otan» партиясының сайлауалды бағдарламасын, Мемлекет басшысының стратегиялық бастамалары мен тапсырмаларын қаржылық қамтамасыз етуге, сондай-ақ COVID-19-бен күресуге бағытталған.

Жоба Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісінде мақұлданды. Аталған мәселелерді шешу үшін 1,3 триллион теңге сомасында қосымша қаржы шығыстары көзделді. Оның ішінде:

«Nur Otan» партиясының сайлауалды бағдарламасын іске асыруға 884 миллиард теңге;

коронавирустық инфекциямен күрес барысында эпидемияға қарсы іс-шараларды қаржыландыруға 265 миллиард теңге;

Мемлекет басшысының тапсырмаларын және бұрын қабылданған міндеттемелерді орындауға 154 миллиард теңге қарастырылған.

Бюджетті нақтылау кезінде оның әлеуметтік басымдылығы сақталған, ал нақты сектор мен өңірлерді қолдау күшейтілді. Бұл туралы бюджет шығыстарының құрылымы көрсетіп отыр. Атап айтсақ, оның 723 миллиард теңге сомасында едәуір үлкен бөлігі экономиканың нақты секторын қолдауға бағытталған. Бұл орта мерзімде елдің дамуына оң мультипликативтік әсер ететін болады. Нәтижесінде осы саланың шығыстары 2,4 триллион теңге немесе жалпы шығыстар көлемінің шамамен 16 пайыз мөлшерінде жоспарланып отыр.

Бюджеттің әлеуметтік саласы жалпы алғанда 374 миллиард теңгеге ұлғайып, 7,5 триллион теңгені немесе жалпы шығыстардың 48,7 пайызын құрайды.

Күш құрылымы шығыстары 211 миллиард теңгеге өсіп, 1,6 триллион теңге сомасында жоспарланған.

Жалпы мемлекеттік шығыстар 80 миллиард теңгеге қысқартылып, 3,3 триллион теңгені құрайды. Бұл шығыстардың азаюы Президенттің тапсырмаларына арналған резервті қайта бөлумен байланысты.

Қосымша қаражаттың айтарлықтай үлесі нысаналы трансферттермен өңірлерге берілетінін атап өту қажет. Олардың жалпы сомасы 539 миллиард теңге болса, оның ішінде дамуға арналған трансферттер 335 миллиард теңге.

Нәтижесінде республикалық бюджеттің параметрлері келесідей қалыптасты:

Республикалық бюджет түсімдері 1,1 триллион теңгеге ұлғайып, 12,6 триллион теңгені құрайды.

Бюджет тапшылығы жалпы ішкі өнімге 3,5 пайыз деңгейінде болжанып отыр, яғни 149 миллиард теңгеге өскен.

Республикалық бюджет шығыстарының көлемі 1,3 триллион теңгеге артып, 15,3 триллион теңгені құрайтын болады.

Құрметті депутаттар! Комитеттердің отырыстарында заң жобасы егжей-тегжейлі қарастырылды, сіздер әлеуметтік маңызы бар және көкейтесті мәселелерге ерекше назар аудардыңыздар.

Заң жобасын қарау кезінде бірлесіп жүргізген нәтижелі жұмыс үшін сіздерге алғыс білдіремін. Заң жобасын қолдауларыңызды сұраймын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Ерұлан Кенжебекұлы, орныңызға отырыңыз.

Келесі сөз Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Төрағасы Досаев Ерболат Асқарбекұлына беріледі.

ДОСАЕВ Е.А. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті депутаттар! Әлемдік және ұлттық экономика үшін 2020 жыл коронавирустық пандемияның таралу аясында терең дағдарыспен сипатталды. Эпидемиологиялық жағдайдың нашарлауы нәтижесінде және соның салдарынан карантиндік шектеулерді енгізуге байланысты барлық елдерде экономикалық белсенділік едәуір қысқарды. Халықаралық валюта қорының бағалауы бойынша әлемдік ішкі жалпы өнімнің төмендеуі 2020 жылы 3,3 пайыз болды.

Осы жағдайларда Қазақстанда іскерлік белсенділікті және жұмыспен қамтуды қолдау үшін Мемлекет басшысының бастамалары бойынша Үкімет пен Ұлттық Банк ішкі жалпы өнімнің 9 пайызы мөлшерінде дағдарысқа қарсы бұрын-соңды болмаған шаралар топтамасын қабылдады. Ұлттық Банк экономиканың зардап шеккен секторларындағы кәсіпорындарды қолдау, іскерлік белсенділікті және халықты жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету үшін 2,3 триллион теңге сомасында дағдарысқа қарсы бағдарламаларды қаржыландыруды қамтамасыз етті. 2020 жылы осы дағдарысқа қарсы шараларға байланысты Қазақстан экономикасы тек 2,6 пайызға қысқарды.

2021 жылы вирустың жаңа штамдарының пайда болуы мен әлемде коронавируспен аурудың өсуі пандемияның үшінші толқынына алып келді. Үндістан аурудың жаһандық ошағына айналды, оның үлесіне әлемдегі жаңағы жағдайлардың жартысына жуығы тиесілі. Аурудың жоғары деңгейі Бразилияда, Түркия мен Азия елдерінде байқалуда.

Жаппай вакцина егуді сәтті жүргізу әлемдік экономиканы қалпына келтірудің шешуші факторы болып табылады. Дамыған елдердегі жаппай вакцина алудың, сондай-ақ ынталандырушы фискалдық және монетарлық шаралардың нәтижесінде жаһандық іскерлік белсенділік біртіндеп қайта жандануда. Әлемдік экономиканың қалпына келу белгілері «Global Composite PMI» жаһандық экономикалық белсенділік индексінің өсуімен расталады.

Өндірістің өсуі сұраныс пен қызмет көрсету саласының озық қалпына келуі аясында биылғы жылғы сәуірде индекс 11 жылдық ең жоғары көрсеткіш – 56,3 тармаққа жетті.

Іскерлік белсенділіктің барынша өсуі 2014 жылғы тамыздан бастап жеке сектордың рекордтық қалпына келу нәтижесінде АҚШ-та, Ұлыбритания мен Австралияда байқалады.

Жапонияда экономикалық белсенділіктің әлсіз өсуі байқалды, ал Бразилия мен Үндістанда коронавируспен аурудың жоғары өсуіне байланысты көрсеткіштердің төмендеуі тіркелді.

Қазақстанда Ұлттық Банктің кәсіпорындарға жүргізетін пікір-терімі ұлттық экономиканың қалыпқа келе бастағанын көрсетеді. Биылғы жылғы 1-тоқсанда іскерлік белсенділік индексі 2020 жылдың басынан бастап алғаш рет өсу аймағына өтті. Биылғы жылғы наурызда қызмет көрсету секторы және өнеркәсіп тарапынан оң үлес қосу нәтижесінде индекс 50,6 тармаққа, ал осы жылғы сәуірде 50,5 тармаққа жетті.

Мұнайдың барынша жоғары бағасы, мемлекеттің қолдау шараларын жалғастыруы және жаппай вакцина егуді бастау аясында экономиканың қалпына келе бастауы 2021 жылы қазақстандық экономиканың өсуі жөніндегі болжамдарды жақсартуға

мүмкіндік берді. Қазіргі қолайлы сыртқы жағдайлар сақталған және қатаң шектеулер болмаған жағдайда Халықаралық валюта қоры 2021 жылы әлемдік экономиканың ішкі жалпы өнімінің 6 пайызға ұлғаюы, Қазақстанда ішкі жалпы өнімнің 3,2 пайыз деңгейінде өсуін күтеді.

Жоғарыда аталғандарды ескере отырып, Ұлттық Банк 2021 жылға арналған ақша-кредит саясаты көрсеткіштерінің және төлем балансының жаңартылған болжамдарын сіздердің қарауларыңызға ұсынады.

Ұлттық Банк инфляцияға қатысты оның 2021 жылдың соңына қарай 4-6 пайыз нысаналы дәлізінің жоғары шегіне дейін баяулауын күтеді. 2020 жылы инфляцияның 7,5 пайызға дейін үдеуін нарықтарда жекелеген азық-түлік өнімдері теңгерімсіздігінің күшеюі, карантиндік шаралар жағдайында шикізат пен өнімді жеткізу тізбегінің бұзылуы аясында азық-түлік бағасының өсуі туындатты.

2020 жылдың екінші жартысынан бастап бүкіл әлемде азық-түлік бағасының өсуі жалғасуда. ФАО азық-түлік бағасының индексі қатарынан 11 ай бойы өсіп, биылғы жылғы сәуірде 120,9 тармаққа жетті. Бұл 2014 жылғы мамырдан бастап ең жоғары мән.

Биылғы жылы сәуірде Қазақстанда инфляция азық-түлік инфляциясының 10,7 пайыздан 9,8 пайызға дейін төмендеу есебінен екінші ай қатарынан 7 пайыз деңгейінде сақталды.

Азық-түлікке жатпайтын инфляция іскерлік белсенділіктің іске қосылуы, халық табысының қалпына келуі нәтижесінде 5,6 пайыздан 6,4 пайызға дейін жылдамдады.

Ақылы қызметтер инфляциясы 4,1 пайызға дейін жеделдеді. Бұл жеке қызмет көрсету орындары қызметтерінің қымбаттауы нәтижесінде орын алды.

2021 жылғы инфляция 4-6 пайыз нысаналы дәлізіне кіру үшін әлі де жоғары көрсеткіш сақталып отырған азық-түлік бағасы өсуінің баяулауының негізгі факторы болып табылады.

Биылғы жылғы 1-тоқсанда тауарлар импортының 4,8 пайызға өсуі кезінде тауарлар экспортының 2,9 миллиард АҚШ долларына қысқаруына байланысты төлем балансының ағымдағы шоты минус 1 миллиард 200 миллион АҚШ долларына тапшылығымен қалыптасты.

Тауарлар импорты іскерлік белсенділіктің қалпына келуі және кейінге қалдырылған ішкі сұраныс аясында өсуде.

Биылғы жылдың нәтижесі бойынша төлем балансының ағымдағы шотының барреліне 50 доллар сценарийі бойынша минус 4,8 миллиард АҚШ долларына дейін одан әрі қысқаруы күтілуде.

Құрметті депутаттар! Әлемдік экономиканы қалпына келтірудің қолайлы факторларына қарамастан оның бұдан былайғы дамуында белгісіздік әлі де сақталуда.

Экономиканы қалпына келтірудің басты талабы коронавирус ауруының өсуін тиімді бақылау және халықты вакцинациялау болып табылады.

Ұлттық Банк жүргізіп жатқан ақша-кредит саясаты шеңберінде, сондай-ақ Үкіметпен белсенді бірлесе отырып елдің экономикасы үшін жаһандық экономика пандемиясының теріс салдарын еңсеру үшін және макроэкономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету үшін барлық қажетті құралдарды пайдалануды жалғастырады.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Ерболат Асқарбекұлы, орныңызға отырыңыз.  
Құрметті әріптестер, енді сұрақ қою рәсіміне көшеміз.  
Сөз депутат Қапбарова Айгүл Жарылқасынқызына беріледі.

ҚАПБАРОВА А.Ж. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.  
У меня вопрос к Министру здравоохранения.

Уважаемый Алексей Владимирович! В настоящее время граждане страны принимают вакцины российской компании «Спутник V», казахстанской «QazVac» и компании «Sinopharm-Hayat-Vax».

Правительством для производства российской вакцины на базе Карагандинского фармацевтического комплекса было выделено 18 миллиардов тенге, с 1 февраля текущего года произведено и поставлено в регионы 1 миллион 912 тысяч доз «Спутник V».

В Жамбылской области завершается строительство казахстанского завода вакцины «QazVac», выпускаемой Научно-исследовательским институтом проблем биологической безопасности. К концу года завод планирует увеличить производство вакцины «QazVac» до 500 тысяч доз в месяц.

В апреле текущего года Фонд национального благосостояния «Самрук-Казына» закупил 1 миллион доз вакцины «Hayat-Vax» на сумму 13,3 миллиарда тенге для иммунизации 500 тысяч человек.

Для сравнения: цена вакцины, состоящей из двух компонентов, для «Hayat-Vax» составляет 62,2 доллара США, «Спутник V» – 26 долларов США, отечественной вакцины «QazVac» – 9,4 доллара США.

В этой связи прошу ответить на следующие вопросы.

1. В чем причина покупки дорогостоящей вакцины, на чем это основано?
2. Не приведет ли закуп вакцин у зарубежных производителей к снижению собственного производства и закрытию отечественных фармацевтических заводов?

Кроме того, нас беспокоит эпидемиологическая ситуация в Индии, хотелось бы услышать разъяснения и по данному вопросу. Согласно сообщению ВОЗ, на сегодняшний день половина зараженных по всему миру приходится на Индию. По мнению ученых, новый индийский штамм коронавируса с тремя мутациями гораздо опаснее.

Какие меры принимаются в Казахстане для защиты от индийского штамма? Есть ли у отечественных лабораторий возможность и готовность определять индийский штамм коронавируса? Спасибо.

ТӨРАҒА. Пожалуйста, Алексей Владимирович, Вам слово.

ЦОЙ А.В. Спасибо за вопросы.

Хотел бы отметить, что все цены, которые обозначены по вакцинам, – это цены напрямую от производителей. Для нас очень важно в кратчайшие сроки обеспечить доступность вакцин на рынке Казахстана и обеспечить выбор. Вы знаете, есть дефицит по поставкам и лимитированность поставок от каждого производителя. И наша задача – в максимально короткие сроки обеспечить население Казахстана вакцинами. Поэтому данная

работа проводится. Как вы видите, вакцины сейчас в Казахстане есть, используются в программе иммунизации.

Что касается производственных площадок, которые выпускают вакцины, в частности Карагандинский фармкомплекс, то здесь нужно понимать, что данные заводы выпускают вакцину впервые. Сейчас производственные мощности переориентированы на выпуск вакцин. Данные производственные площадки выпускают также биологические препараты для лечения онкологии и других заболеваний. Поэтому в плане вакцинации мы не видим каких-то проблем по закрытию заводов, потому что все заводы многофункциональные, они выпускают широкую линейку препаратов.

Помимо этого, сама вакцинация – это не разовая акция, она идет постоянно, у нас более 20 вакцин в Ежегодном календаре прививок. Поэтому для Казахстана большой потенциал именно для развития отечественной фарминдустрии.

Касательно индийского штамма. Вы знаете, что сейчас запрещены и отсутствуют все прямые авиарейсы с Индией. Помимо этого, есть постановление Главного санитарного врача о том, что все прибывающие из Индии должны быть изолированы и находиться под медицинским наблюдением в течение 14 суток даже при наличии отрицательного ПЦР-исследования.

Кроме того, все штаммы, независимо индийский, британский или другие, чувствительны к определению на ПЦР-тесты. Сейчас запрещено залетать в страну без отрицательного теста на коронавирус посредством ПЦР-диагностики.

Также очень важно, что мы ежемесячно проводим замеры и секвенирование вирусов. На данный момент в Казахстане индийский штамм не выявлен. На ежемесячной основе проводим такие замеры, данная работа ведется. Спасибо.

ТӨРАҒА. Спасибо.

Ералы Тоғжановтың микрофонын қосыңыздар.

ТОҒЖАНОВ Е.Л. Я хотел бы добавить по первому вопросу. На сегодня у нас провакцинировано около 3 миллионов человек, из них 1 миллион 923 тысячи – первым компонентом, 823 тысячи – вторым компонентом. До конца этого месяца ожидается около 2 миллионов. Поэтому мы делаем закуп разных вакцин в разных странах.

По заводам. Фармацевтический завод – это один из уникальных заводов. В мире такой завод строится в течение 2-3 лет. В Казахстане фактически за 9 месяцев этот завод полностью построен, строительно-монтажные работы полностью завершены. Сегодня запускаются стопроцентно вопросы по технологическому оборудованию. Туда вовлекаются вопросы по валидации. Этот вопрос требует тщательного анализа, поэтому мы туда привлекли турецкие и китайские компании, которые сегодня работают в этом направлении.

Что касается индийского штамма. Мы не только по Индии сделали ограничения, мы сделали ограничения и по Мальдивам, где теснейший сегодня контакт Индия – Мальдивы. На сегодня около 1000 граждан находятся на Мальдивах. Мы ограничения сделали всех наших авиарейсов с этой стороны, потому что мы должны принять все меры для недопущения в Казахстан завоза индийского штамма. Спасибо.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Құртаев Әлімжан Сейітжанұлына беріледі.

ҚҰРТАЕВ Ә.С. Рақмет, Мәулен Сағатханұлы.

Менің сұрағым Ұлттық экономика министрі Әсет Арманұлына.

Экономический кризис, вызванный пандемией, оказал негативное влияние на большинство отраслей экономики, особенно на сектор малого и среднего бизнеса. По оценкам, в Казахстане из-за карантина и связанных с пандемией мер пострадали порядка одного миллиона субъектов малого и среднего бизнеса. И сейчас ситуация остается непростой.

В уточненном республиканском бюджете средства на реализацию данной государственной программы увеличены в два раза и составили 132 миллиарда тенге. Основную часть дополнительных расходов планируется направить на развитие индустриальной инфраструктуры, на субсидирование ставки вознаграждения и гарантирование по кредитам.

Кроме того, в рамках поддержки малого и среднего предпринимательства в наиболее пострадавших секторах экономики предполагается дополнительно направить 18,4 миллиарда тенге.

Хочется услышать мнение Правительства по следующему вопросу: позволят ли эти средства добиться оживления сектора малого и среднего бизнеса?

Наряду с этим реалии сегодняшнего дня показывают, что требуется решение более долгосрочных проблем, с которыми малый и средний бизнес сталкивается при адаптации к постпандемическому периоду. Нужен долгосрочный план перезапуска и восстановления малого и среднего бизнеса. Какие планы у Правительства в этом направлении? Рақмет.

ТӨРАҒА. Әсет Арманұлы, жауап беріңіз.

ЕРҒАЛИЕВ Ә.А. Спасибо за вопросы.

Те средства, которые дополнительно предусмотрены в рамках Дорожной карты бизнеса – 2025, программ «Экономика простых вещей», «Еңбек» и Дорожной карты занятости, направлены на финансирование наиболее востребованных среди бизнеса инструментов поддержки. Поэтому мы считаем, что данные средства окажут значительное влияние на восстановление малого и среднего бизнеса. Это такие инструменты, как льготное рефинансирование, субсидирование процентной ставки кредитования и гарантирования, подвод необходимой инфраструктуры.

Кроме того, необходимо отметить, что Правительство сегодня планомерно реализует актуализированный по поручению Главы государства Комплексный план по восстановлению экономического роста на 2021 год, который предусматривает комплекс финансовых и нефинансовых мер поддержки малого и среднего бизнеса.

Понятно, что, помимо данных мер, задачи стоят более долгосрочного характера, системного характера. Поэтому Министерством национальной экономики сегодня сформирован законопроект, который предусматривает новеллы, направленные на



формирование новой регуляторной среды для бизнеса на принципах регулирования с чистого листа.

Кроме того, ведется системная работа по улучшению позиций Казахстана в рейтинге «Doing Business», к 2025 году мы таргетируем входение нашей страны в топ-20 в данном рейтинге.

Помимо того, в рамках новой системы государственного планирования на сегодня ведется работа по формированию Концепции развития предпринимательства. Данный документ будет разработан со сроком до 2025 года. Он будет охватывать основные подходы и принципы развития малого и среднего бизнеса в постпандемический период. Спасибо.

ТӨРАҒА. Спасибо.

В целом, Асет Арманович, большие средства выделяются на реализацию программы «Дорожная карта бизнеса», порядка 70 миллиардов тенге в прошлом году, 132 миллиарда тенге закладываются в бюджет этого года, то есть более 200 миллиардов тенге. Конечно, это огромная помощь для наших предприятий, для малого и среднего бизнеса.

Но в то же время депутатов интересуют вопросы освоения этих средств, насколько они эффективно используются, насколько это доходит до субъектов бизнеса, насколько это позволяет решать не просто какие-то количественные, а качественные задачи.

Мы видим, что в рамках этой программы основные показатели связаны с количеством выданных кредитов или субсидированной процентной ставкой. Понятно, что это на данный момент очень простой, может быть, упрощенный показатель. Но какие качественные изменения происходят в результате таких вливаний, которые идут и во многом за счет средств из Национального фонда? Эти вопросы депутатов беспокоят.

Сейчас отчитываться не надо, более детально по вопросам освоения этих средств мы поговорим в следующем месяце, когда будем рассматривать отчет Правительства по исполнению бюджета за прошлый год.

Құрметті әріптестер, келесі сөз депутат Орынбеков Бекболат Серікбекұлына беріледі.

ОРЫНБЕКОВ Б.С. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Менің сұрағым Ұлттық экономика министрі Әсет Арманұлы Ерғалиевқа арналады.

2020 жылы пандемия және онымен байланысты іскерлік белсенділіктің төмендеуі салдарынан республикалық бюджетке түсетін салықтық түсімдердің азаюы байқалды. Бұл түсімдер 5,6 триллион теңгені құрап, өткен жылдың көрсеткішімен салыстырғанда 81,6 пайызды құрады немесе 1,3 триллион теңгеге азайды.

Ағымдағы жылы экономиканың белсенділігі байқалады, алайда пандемияның теріс салдары әлі де орын алып отырғаны бәрімізге белгілі. Бұл ретте сіздер салықтық түсімдердің төрттен бір бөлігіне (24 пайызға) өсуін жоспарлап отырсыздар.

Салықтық түсімдердің мұндай өсу болжамы қаншалықты мүмкін? Рақмет.

ТӨРАҒА. Әсет Арманұлы, жауап беріңіз.

ЕРҒАЛИЕВ Ә.А. Сұрағыңызға рақмет.

Бәрімізге мәлім, өткен жылы коронавирус пандемиясы еліміздің экономикасына және әлемдік экономикаға қатты әсер етті. Бұның бәрі салық түсімдеріне де әсер етті. Біз осы жылы еліміздің экономикасы 2019 жылдың деңгейіне дейін қалыптасады деп болжам жасадық. Сондықтан осындай динамика салық түсімдерінде де болады деп болжануда. Егер 2019 жылмен салыстырсақ салық түсімдері 101 пайызды құрайды, сондықтан болжам орындалатын болады деп есептейміз. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Следующее слово предоставляется депутату Карплюку Сергею Алексеевичу.

КАРПЛЮК С.А. Спасибо, Маулен Сагатханұлы.

У меня вопрос к Первому заместителю Премьер-Министра Смаилову.

Уважаемый Алихан Асханович! В течение последних 10 лет обрабатывающая промышленность показывает устойчивый рост, даже в прошлом 2020 году, прошедшем в условиях карантинных мер, фиксируется рост обрабатывающей промышленности на уровне 3,9 процента.

На фоне устойчивого роста обрабатывающей промышленности ежегодно растут показатели нефтегазового дефицита. В уточненном бюджете более половины расходов покрывается за счет нефтяных поступлений, в том числе из Национального фонда. Это происходит потому, что расходы растут значительно быстрее доходов.

В этой связи хочется получить ответы на следующие вопросы.

Когда мы начнем планировать расходы соразмерно доходам, в том числе за счет увеличения налоговых поступлений, не рассчитывая на средства Национального фонда?

Когда поступления от реального сектора экономики, а нефтегазовые доходы, станут основой государственного бюджета? Спасибо.

ТӨРАҒА. Әлихан Асханұлы, жауап берсеңіз.

СМАЙЫЛОВ Ә.А. Спасибо за вопросы.

Хотел бы сначала уточнить, что в уточненном бюджете расходы составляют 15,3 триллиона тенге, нефтяные поступления составляют 5,5 триллиона тенге, в том числе почти 1 триллион тенге за счет экспортно-таможенных пошлин и 4,5 триллиона тенге за счет трансфертов Национального фонда. То есть нефтяные поступления покрывают расходы бюджета порядка одной третьей, и эта доля дальше будет снижаться. Соответственно, две третьих расходов бюджета покрываются за счет нефтегазового сектора экономики, и эта доля будет увеличиваться.

Что касается динамики роста расходов и доходов. У нас за последние пять лет, если не брать прошлый кризисный год, экономика выросла на 70 процентов, расходы республиканского бюджета выросли соразмерно на 68 процентов, а собственные доходы республиканского бюджета без трансфертов увеличились в два раза, то есть более опережающими темпами.

Прошлый год у нас был кризисный в связи с пандемией коронавируса, налоговые поступления, понятно, снизились, потому что локдауны объявлялись, мы дополнительно

выделяли расходные средства на поддержку бизнеса, граждан, в том числе за счет средств Национального фонда.

По Национальному фонду. В текущем году в рамках уточнения бюджета мы дополнительно привлекаем 850 миллиардов тенге трансфертов, плюс осознанно увеличиваем дефицит бюджета до 3,5 процента к ВВП. Это делается для того, чтобы профинансировать дополнительные обязательства, которые мы взяли в рамках предвыборной платформы партии «Nur Otan» и поручений Главы государства.

В среднесрочной перспективе трансферты с Национального фонда будут сокращаться с нынешних 4,5 триллиона тенге до 2,4 триллиона тенге в 2025 году, то есть более чем в два раза.

Что касается расходов, то они увеличиваются в основном в связи с ростом расходов в социальной сфере. Это связано с ростом индексации пенсий и пособий, ростом заработных плат педагогов, медиков и обеспечением бесплатной гарантированной медицинской помощью.

По доходам. Мы таргетируем рост нефтяных поступлений и увеличение налогов от реального сектора. У нас в 2019 году собственные доходы государственного бюджета без трансфертов с Национального фонда выросли на рекордные 1,5 триллиона тенге. В текущем году будет обеспечен рост еще на 800 миллиардов тенге к уровню 2019 года. Это делается за счет роста экономики и улучшения администрирования в налоговой и таможенной сферах.

По росту экономики. У нас проводится активная работа по привлечению инвестиций. Планируется увеличить инвестиции в основной капитал до 30 процентов к ВВП, тем самым расширить налоговую базу. Реализуются проекты в рамках Карты индустриализации, развития АПК, туризма, сферы строительства, транспорта. Сейчас мы готовим новые национальные проекты по дальнейшему развитию отраслей экономики до 2025 года.

Большое значение уделяется развитию малого и среднего бизнеса, их поддержке. Таргетируется с нынешних 30,5 процента к ВВП увеличить его долю до 35 процентов к ВВП к 2025 году.

Сейчас Асет говорил, готовится новая регуляторная политика по предпринимательству, суть которой в снижении избыточных требований к бизнесу.

Также улучшается администрирование в первую очередь за счет цифровизации налогового и таможенного администрирования, это новые информационные системы, электронные счета-фактуры, «Астана-1», система управления рисками, это основа нашей национальной системы прослеживаемости товаров. С вводом этих информационных систем обналичивание в стране уменьшилось на 40 процентов, поступления внутреннего НДС увеличились в 1,5 раза.

Также проводится работа по внедрению горизонтального мониторинга по крупному бизнесу, по противодействию выводу капитала из страны, деоффшоризации. Соответствующие поправки сейчас находятся на согласовании по усилению таможенного администрирования.

Все это нам позволяет получать налоговые поступления более оперережающими темпами. У нас в текущем году ВВП вырастет в номинальном выражении на 11 процентов,

а налоговые поступления увеличатся в республиканский бюджет на 24 процента. В следующем году ВВП вырастет на 10 процентов в номинале, налоговые поступления увеличатся на 22 процента. Тем самым мы снижаем зависимость поэтапно от Национального фонда и увеличиваем собственную налоговую базу. Спасибо.

ТӨРАҒА. Алихан Асханулы, помимо средств Национального фонда, один из важных в эти годы источников финансирования расходов бюджета – это дефицит бюджета, который растет. В прошлом году был 3,1 процента, в этом году в рамках этого уточненного бюджета мы увеличиваем до 3,5 процента. Понятно, что сейчас борьба с пандемией, понятно, что есть много расходов, но в то же время мы этот вопрос уже обсуждали, и здесь обсуждали, и на встречах проговаривали.

Видимо, нам нужно в дальнейшем двигаться в сторону стабилизации дефицита бюджета и изменить тренд на его уменьшение, так как бюджетный дефицит финансируется за счет заимствования, внешнего и внутреннего заимствования. Поэтому мы надеемся, что в рамках рассмотрения бюджета на 2022 – 2024 годы, который мы будем рассматривать осенью этого года, мы увидим уже другой тренд на стабилизацию бюджетного дефицита, его уменьшения.

СМАЙЫЛОВ Э.А. Именно так, Маулен Сагатханович, у нас в планах поэтапно снижать дефицит бюджета с нынешних 3,5 процента до 3 процентов в среднесрочной перспективе. Мы придем с трехлетним бюджетом, там вы эти параметры увидите. Спасибо.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті әріптестер, келесі сөз депутат Нұралиев Әбделі Тоқбергелұлына беріледі.

НҰРАЛИЕВ Э.Т. Рақмет.

Менің сұрағым Ауыл шаруашылығы министріне.

Құрметті Сапархан Кесікбайұлы, 2017 – 2021 жылдарға арналған агроөнеркәсіп кешенін дамыту жөніндегі қолданыстағы мемлекеттік бағдарлама «Ауыл – ел бесігі» арнайы жобасымен қатар ауылдық аумақтарды дамыту және ауыл халқын жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету бойынша құрамдас бөліктердің бірі болып табылады. Сонымен қатар агроөнеркәсіп кешенін дамыту бойынша мемлекеттік бағдарламаны қаржыландыруға 2 триллион 494 миллиард теңге жоспарланған, төрт жыл ішінде барлық бөлінгені 66 пайыз.

Ауыл шаруашылығы министрлігі бұл жағдайды кейбір маңызды нысаналы индикаторлар мен көрсеткіштерге қол жеткізбеудің негізгі себебі деп көрсетеді. Дәлірек айтқанда, 2020 жылдың қорытындысы бойынша жоспарланған сегіз нысаналы индикатордан тек үш нысаналы индикаторға немесе 37,5 пайызға қол жеткізген. Бес нысаналы индикаторға қол жеткізілген жоқ, яғни еңбек өнімділігіне, ауыл шаруашылығының жалпы өніміне, ауыл шаруашылығындағы және тамақ өнімдері өндірісіндегі негізгі капиталға инвестиция, экспорт көлемдеріне қатысты индикаторлар. Сонымен қатар 45 көрсеткіштің тек 29-ы немесе 62 пайызы орындалған. Бір көрсеткіш бойынша 2020 жылға нақты деректер берілмеген.

Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарындағы 111 іс-шараның 50-і орындалған. Аталған жағдай, яғни іс-шараларды жүзеге асыру барысы осы мемлекеттік бағдарламаның нәтижелі болуына үлкен күмән тудырады.

Осыған байланысты сұрақ:

Мемлекеттік бағдарламаның нысаналы индикаторларына қол жеткізу үшін нақтыланған бюджетте қандай қаражат көзделген?

Қосымша бюджет қаражатына қажеттілігі бар басым нысаналы индикаторлар бөлініп қарастырылады ма? Рақмет.

ТӨРАҒА. Сапархан Кесікбайұлы, жауап берсеңіз.

ОМАРОВ С.К. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті Әбдәлі Тоқбергелі! Агроөнеркәсіп кешенін дамыту жөніндегі мемлекеттік бағдарламаның негізгі мақсаттарының бірі, бұл бес жыл ішінде өнеркәсіптік кешендегі еңбек өнімділігін 2,5 есеге, өңделген ауыл шаруашылығы өнімдерінің экспортын 2,5 есеге ұлғайту болып табылады.

Бұл мәселелерге тоқтала кететін болсақ, 2020 жылдың қорытындысы бойынша еңбек өнімділігі жұмыспен қамтылған бір адамға шаққанда шамамен 3,2 миллионға көтерілді. Бұл базалық уақыттағы 2016 жылдың деңгейінен 2 есе артық.

Осы көрсеткіш биыл 2021 жылға арналған 3,7 миллион теңгені құрауы тиіс. Біз осы жылдың аяғына дейін бұл көрсеткішті толығымен орындаймыз деп жоспарлап отырмыз.

Екінші мәселе, бұл агроөнеркәсіп кешенінің өңделген өнімдерінің экспортын 2,5 есеге арттыру болып табылады. Бүгінгі күні бұл көрсеткіш 1,4 есеге жетіп отыр. Бұл көрсеткіштің төмен болуы коронавирусқа байланысты енгізілген шектеулерге қатысты негізгі бағыт болып отыр.

Қазіргі кезде осы көрсетілген барлық бағдарламаның мақсаттарына қол жеткізу үшін қаржы толық бөлініп отыр. Мысалы, 8,8 миллиард теңге өсімдік шаруашылығын дамытуды субсидиялауға бөлініп отыр. Бұл жоғары сапалы тұқым қолдануды 5 пайызға, тыңайтқыш қолдануды 10 пайызға көтеруге мүмкіндік береді. Ол өз кезегінде өнімділікті көтеруге мүмкіндік береді.

Бұдан басқа қазіргі 21,8 миллиард теңге банктерден алынған кредиттердің пайызын субсидиялауға бөлініп отыр. Бұл қаражат ауыл шаруашылығына инвестицияларды көп тартуға мүмкіндік береді, ауыл шаруашылығы техникасын жаңарту деңгейін жоғары көтеруге мүмкіндік береді және мен жаңа айтып кеткендей, тұқымдық астық пен тыңайтқыштарды қолдану мөлшерін көбейтуге мүмкіндік береді. Сондықтан қазіргі бөлініп отырған қаржы осы көрсеткіштерге қол жеткізуге мүмкіндік береді деп есептеймін.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Слово предоставляется депутату Булавкиной Ольге Александровне.

БУЛАВКИНА О.А. Спасибо, уважаемый Маулен Сагатханович.

Мой вопрос адресован Министру национальной экономики.

Уважаемый Асет Арманович! По итогам парламентских слушаний по вопросам развития сельских территорий от 23 октября прошлого года Правительству было

рекомендовано проработать вопросы дополнительного финансирования развития социальной и инженерной инфраструктуры сельских населенных пунктов, а также переселения граждан в рамках Государственной программы «Еңбек».

Такая постановка вопроса не случайна. Так, например, 36 процентов сельских населенных пунктов не имеют централизованного водоснабжения, а это почти 1 миллион сельского населения, в 105 селах используется привозная вода, в частности, в Костанайской, Атырауской, Северо-Казахстанской областях.

Более 45 процентов автомобильных дорог местного значения требует ремонта, износ сетей электроснабжения составляет 58 процентов. Доступа к интернету не имеют 1200 сел.

Выплачиваемая сумма государственной поддержки в 35 МРП явно недостаточна для переселения граждан в трудодефицитные регионы.

В уточненном проекте бюджета на реализацию «Ауыл – ел бесігі» дополнительно выделяется 70 миллиардов тенге.

В связи с изложенным следующие вопросы.

По каким направлениям будут использованы эти дополнительные финансовые вливания?

В какой мере учитываются указанное выше состояние сельских территорий, а также конкретные рекомендации наших парламентских слушаний?

Будут ли пересмотрены меры стимулирования переселения граждан в рамках программы «Еңбек»? Спасибо.

ТӨРАҒА. Әсет Арманұлы, жауап беріңіз.

ЕРҒАЛИЕВ Ә.А. Спасибо за вопросы.

Дополнительные 70,8 миллиарда тенге, которые выделяются из бюджета, позволят профинансировать 650 проектов в рамках «Ауыл – ел бесігі», которые охватят 320 сел. Это те проекты, которые позволят реализовать рекомендации, которые даны по итогам парламентских слушаний. Это проекты, которые включают модернизацию и строительство объектов социальной инфраструктуры, то есть порядка 250 объектов социальной инфраструктуры, порядка 1000 километров внутрипоселковых дорог, порядка 1200 километров инженерных сетей. Эти финансовые средства решают наиболее актуальные вопросы, которые есть у сельских жителей.

Необходимо отметить, что в рамках реализации предвыборной программы партии «Nur Otan» до 2025 года будет обеспечена стопроцентная доступность к услугам водоснабжения сельского населения, будет отремонтировано и приведено в хорошее состояние 95 процентов местных дорог, сельское население 100 процентов получит доступ к качественному интернету. Такие задачи у нас стоят в рамках предвыборной программы партии «Nur Otan», которые мы будем исполнять.

Вопросы, связанные с программой «Еңбек». Соответствующая работа проведена, то есть поддержка на одного члена семьи при переезде увеличена в два раза, с 35 МРП до 70 МРП. Также предоставляется поддержка при аренде жилья.

Кроме того, в рамках разработки соответствующего национального проекта будут усилены меры по стимулированию работодателей по найму переехавших людей и кандастар. Спасибо.

ТӨРАҒА. Коллеги, в целом вопрос очень важный. Вы знаете, что Сенат целенаправленно и активно занимается вопросами развития сельских территорий. Понятно, что большая часть наших депутатов – это представители регионов. Поэтому мы поднимаем вопросы, которые там актуальны, это дороги, водообеспечение и так далее.

И один из важных вопросов – это обеспечение качественным интернетом в сельской местности. Здесь есть вопросы. Мы сейчас не будем о них говорить. В течение этого года, в прошлом году много об этом говорили в контексте дистанционного обучения и так далее.

В этой связи я хочу обратить внимание на один момент. Это больше вопросы к Министерству цифрового развития, инноваций и аэрокосмической промышленности. Мы в этом году в бюджет 2021 года недополучаем средств от сотовых операторов. Мы на это пошли специально. В прошлом году в Налоговый кодекс мы внесли поправку, в соответствии с которой на 90 процентов уменьшена оплата за частоты для сотовых операторов на ближайшие пять лет. Но эти средства они должны направить на развитие широкополосного интернета прежде всего в сельской местности. Вот такая норма была включена, мы ее обсуждали.

Но мы сегодня видим, что поправки в Налоговый кодекс были подписаны Главой государства в начале декабря прошлого года, затягивалось принятие необходимых подзаконных актов на четыре и более месяцев. Вроде сейчас соответствующие акты внесены. Мы дальше хотели бы видеть, что действительно сотовые операторы направляют эти средства для развития качественного интернета в сельской местности.

Багдат Батырбекович нас слышит по видеоконференцсвязи. Наверное, летом еще рано, на осень, коллеги, давайте мы запланируем в рамках специального правительственного часа или в ином формате и заслушаем министерство по вопросу именно использования этих средств, а также в целом развития интернета в сельской местности.

Сейчас отвечать не надо. Этот вопрос больше касается отчетности. Я просто фиксирую внимание коллег, что к этому вопросу мы должны будем вернуться осенью этого года.

Құрметті әріптестер, келесі сөз депутат Жұмағазиев Мұхтар Сабырұлына беріледі.

ЖҰМАҒАЗИЕВ М.С. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Менің сұрағым Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрі Сапархан Кесікбайұлына арналады.

Бүгінгі қаралып отырған нақтыланған республикалық бюджет жобасында Ауыл шаруашылығы министрлігіне қосымша 66,3 миллиард теңге бөлінген. Бұл соманың негізгі бөлігі өсімдік шаруашылығы саласына. Сонымен қатар басқа салаларда да мәселелер аз емес, ол ветеринариялық қауіпсіздік пен эпизоотиялық ахуалмен қатар ауыл шаруашылық өнімдерін өңдеу, импорт алмастыру мен азық-түлік бағасын тұрақтандыру мәселелері.

Қолдағы деректерге сүйенсек, елімізде жыл сайын жұқпалы аурулардың кем дегенде 200 ошағы анықталады. Мысалы, жоғары патогенді құс тұмауының өршуі салдарынан бірқатар кәсіпорындарда жылдар бойы өсірілген құстар жойылып кетті, осыған байланысты республикалық бюджеттен экономикалық дағдарыс жағдайында 3,7 миллиард теңге сомасында өтемақы төленді.

Осыған орай сұрақ:

Агроөнеркәсіп кешенінің белгілі бір саласын қосымша қаржыландырудың басымдығы қандай критерийлерге негізделеді?

Ветеринариялық қауіпсіздік импорт алмастырумен соңғы уақытта құс еті, өсімдік майы, шұжық өнімдері, ірімшіктер мен сүзбе бағаларының қымбаттауына байланысты қосымша қаржылай қолдауды талап етпейді ме? Рақмет.

ТӨРАҒА. Сапархан Кесікбайұлы, жауап беріңіз.

ОМАРОВ С.К. Құрметті Мұхтар Сабырұлы, сұрағыңызға рақмет. Нақтыланған бюджет жобасын дайындаған кезде «Nur Otan» партиясының сайлауалды бағдарламасының жол картасында көрсетілген шараларға негізгі басымдық берілді. Солардың ішінде минералды тыңайтқыштардың қолдануын 1,4 есеге, жоғары сапалы тұқымды қолдануды 1,2 есеге ұлғайту қарастырылған. Сондықтан қазіргі нақтыланған бюджеттің айналасында тұқым шаруашылығын субсидиялауға 4,3 миллиард теңге және тыңайтқыштарды субсидиялауға 4,5 миллиард теңге қарастырылып отыр.

Өсімдік шаруашылығының дамуы мал шаруашылығының дамуындағы алғышарттардың бірі болатындықтан өсімдік шаруашылығына бөлінген қаражат ертең мал шаруашылығының дамуына өзінің әсерін тигізеді деп есептейміз.

Бұдан басқа қазіргі нақтыланған бюджетте кредиттер мен лизинг бойынша пайыздық мөлшерлемені субсидиялауға 21,8 миллиард қаралған және «Еңбек» бағдарламасы шеңберінде микрокредит беруге 15,3 миллиард теңге қаралған.

Бұл аталып өткен қос қаржы құралы да тек қана өсімдік шаруашылығын дамытуға емес, мал шаруашылығын дамытуға да өзінің көп әсерін тигізеді. Мысалы, «Еңбек» бағдарламасы бойынша берілетін микрокредиттердің 75 пайызы мал шаруашылығына жұмсалады. Сондықтан бұл жерде өсімдік шаруашылығымен бірге мал шаруашылығына да қазіргі кездегі бөлініп жатқан қаржының екеуі де бірдей деп есептейміз.

Мал шаруашылығының импортын алмастыруға келетін болсақ, бұл жерде қазіргі кезде импортты алмастыру бойынша кешенді жоспар дайындалған. Осы жоспарға байланысты 2024 жылға қарай импортқа тәуелді өнімдер бойынша толығымен 100 пайызға жабамыз деп жоспарлап отырмыз, ал қант өнімі бойынша 80 пайызға. Бұл мәселе Үкіметтің де, министрліктің де толық бақылауында, күнделікті бақылап отырмыз.

Ал ветеринария мәселесіне келетін болсақ, ағымдағы жылғы бюджетті қалыптастыру кезінде бірінші кезектегі міндеттерге 24 миллиард теңге көлемінде шығыстар қарастырылған. Егер осы жылғы жұмыстардың айналасында қосымша қаражаттар қаралатын болса, оны екінші нақтылауға шығарамыз деп жоспарлап отырмыз. Рақмет.



ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Мусин Дүйсенғазы Мағауияұлына беріледі.

МУСИН Д.М. Рақмет, құрметті Маулен Сағатханұлы.

Менің сұрағым Қазақстан Республикасының Қаржы министрі Ерұлан Кенжебекұлы Жамаубаевқа және Қазақстан Республикасының Экология, геология және табиғи ресурстар министрі Мағзұм Маратұлы Мырзағалиевқа арналады.

Мемлекет басшысы 2019 жылғы 2 қыркүйектегі Жолдауында 2030 жылға қарай суармалы жер көлемін кезең-кезеңмен екі есеге ұлғайту, сондай-ақ судың артық шығындалуын азайту және суды үнемдегіш технологияларға өту жөнінде тапсырма берді.

Бүгінгі күні оңтүстік өңірлерде 500 мың гектар суармалы жерді суды автономды цифрлық есепке алу және деректерді қашықтықтан жіберуді пайдалану арқылы қалпына келтіру жұмыстары жүргізілуде. Алайда ағымдағы жылы ирригациялық және дренаждық жүйелерді жетілдіру үшін 18,5 миллиард теңге көлеміндегі қосымша қаржы бөлу Үкімет тарапынан қолдау таппады, ал 2022 – 2023 жылдарға арналған бағдарламаға бюджет қаражаттары тіпті қарастырылмаған. Бұл бұған дейінгі қолданыстағы ирригациялық желілерді қалпына келтіруге бағытталған бюджет қаражаттарының тиімсіз жұмсалыуына алып келері анық.

Осыған орай сұрақ.

Қажетті қаржы қаражаттары болмаса суармалы жерлерді қалпына келтіру мен олардың алаңын ұлғайту шаралары қалай іске асырылатын болады?

Үкімет Президенттің берген тапсырмасын сапалы әрі уақытылы орындауды қалай жоспарлап отыр? Рақмет.

ТӨРАҒА. Ерұлан Кенжебекұлы, жауап берсеңіз.

ЖАМАУБАЕВ Е.К. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті депутаттар! Жалпы суармалы жерлерді қаржыландырудың бізде бірнеше механизмдері қарастырылған.

Біріншіден, «Казводхоз» деген арнайы кәсіпорын («Қазсушар» РМК) бар, сол «Казводхоз» кәсіпорны тарапынан Ислам даму банкінен және Еуропа қайта құру және даму банкінен кезінде займ алынған болатын. Оған республика тарапынан қосымша қаржыландыру көзделген. Бұл міндеттемелер бюджет тарапынан толығымен орындалды.

Екінші механизмі – «Казводхоз» кәсіпорнының жарғылық капиталын толықтыру. Біз бұл бағытта да жұмысты жоспарлы түрде жүзеге асырып жатырмыз. Соңғы үш жылда «Казводхоз» кәсіпорнының жарғылық капиталына 25 миллиард теңге бөлінді.

Үшінші механизмі – Дүниежүзілік банкінің ПУИД-2 деп аталатын тетігі. Бұл жерде республика тарапынан қосымша қаржыландыру 70 пайызды құрайды. Биылға 18,5 миллиард теңге республикалық бюджетте қарастырылған (жаңағы айтылып отырған сұрақ осы туралы). Бұған қосымша салалық министрлік тағы да 18,5 миллиард теңге сұрастырды. Бірақ біз «Казводхоз» кәсіпорнының қаражатты толық игермегенін көріп отырмыз, олардың қазыналық шотында 25 миллиардтай ақша бар, яғни олар толығымен игерген жағдайда біз ол ақшаны бөле аламыз. Сондықтан Үкімет осындай шешім қабылдады. Бірақ әрі қарай қаржыландыруға келсек, қазір барлық мемлекеттік

бағдарламалар ұлттық жобаға ауысып жатыр, сондықтан агроөнеркәсіпті дамытудың алдағы ұлттық жобасы әзірленгенде біз тиісті қаражаттарды қарастырамыз. Өздеріңіз білесіздер, бұған қоса инвестициялық субсидия механизмі бар. Егер де аграрийлер бұл арқылы өздерінің шығындарын суландыру жүйесінің жаңа инновациялық жүйелерін енгізсе, онда олардың 50 пайыз шығындары осы инвестициялық субсидия бойынша қайтарылады. Бұған да республикалық бюджетте биылға 100 миллиард теңге қарастырылған. Сондықтан да біз барлық механизмдерді толығымен қаржыландыруға мүмкіндіктер жасап жатырмыз. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Мағзұм Маратұлы, жауап берсеңіз.

МЫРЗАҒАЛИЕВ М.М. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті депутаттар! Сұрағыңызға рақмет.

Біздің министрлік тарапынан қазір осы бағытта екі жобаны іске асырып жатырмыз.

Бірінші бағыты – халықаралық қаржы ұйымдары мен Ислам даму банкі және Еуропа қайта құру және даму банкімен бірлесіп Алматы, Павлодар, Ақтөбе, Түркістан облыстарында 164 мың гектар алаңды алатын жерді қосу үшін тиісті жұмыстар жүріп жатыр. Оған тиісті қаражат бар, қаражат шетелдік банктерден де, республикалық бюджеттен де тиісті көлемде бөлініп жатыр.

Екінші бағыты – ПУИД-2. Бұл Жамбыл, Алматы, Түркістан және Қызылорда облыстарында (оңтүстік өңірлерде), 105 мың гектар жерде осы жұмыс іске асырылып жатыр, каналдардың 50 пайызға жуығы қалпына келтірілді.

Әрине, сұрағыңыз өте маңызды. Расында да 18,5 миллиард теңге қолдау тапқан жоқ, дегенмен жаңа Қаржы министрі айтқандай, күздегі екінші нақтылауда тағы да қарастырылады деген үмітіміз бар және бұл жұмыс жалғасын табады. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Алтынбек Нухұлына беріледі.

НУХҰЛЫ А. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Менің сұрағым Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министріне.

Құрметті Серік Жамбылұлы! 2020 жылы дағдарысқа қарсы шаралар шеңберінде 2020 – 2021 жылдарға Жұмыспен қамту жол картасының іс-шараларын іске асыруға 1 триллион теңге бөлінген, бүгін қаралып отырған бюджетті нақтылау кезінде қосымша тағы 325 миллиард теңге бөлініп отыр. Дегенмен ресми статистика бойынша 2020 жылдың қорытындысы бойынша жұмыссыздар саны 449 мыңға жуық адамды немесе 5 пайызды құрайды. 2021 жылдың 1 мамырына халықты жұмыспен қамту орталықтарында жұмыссыздар ретінде 215 мыңға жуық адам есепте тұр, өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 59 мың адамға артқан.

Елдегі эпидемиологиялық жағдайға байланысты былтырғы жылы 42 мың 500 теңге көлемінде 4,5 миллионнан аса азаматқа 476 миллиард теңгеге Үкімет тарапынан әлеуметтік

көмек көрсетілгенін ескерсек, жұмыссыздардың ресми саны бойынша алшақтықтар бар сияқты.

Үстіміздегі жылдың наурыз айында Сенатта өткен ұлттық құндылықтарды дәріптеу тақырыбына арналған парламенттік тыңдауларда азаматтарды тұрақты жұмыспен қамту, оның ішінде кәсіпкерлікті дамыту мәселелері талқыланды және тиісті ұсынымдарды Үкіметке жолдаған болатынбыз.

Осыған байланысты сұрақ:

Жұмыс орындарын құру және жұмыссыздықты азайту үшін қолданылатын механизмдер қаншалықты тиімді? Үкімет жұмыссыздық деңгейін төмендету үшін қандай қосымша нақты шаралар қабылдайды? Рақмет.

ТӨРАҒА. Серік Жамбылұлы, жауап беріңіз.

ШӘПКЕНОВ С.Ж. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті депутаттар! Пандемия еңбек нарығына өзінің кері әсерін тигізуде. Былтырғы жылды қарайтын болсақ, Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес Үкіметтің дер кезінде қабылдаған шараларының нәтижесінде жұмыссыздық деңгейінің күрт өсуіне жол берілген жоқ, 4,9 пайыз деңгейінде сақтап қалуға мүмкіндік болды. Бұл жаңа атап өткен Жұмыспен қамту жол картасының аясында істелген жұмыстардың бірі деп айтсақ болады.

Сонымен қатар қазіргі таңда экономиканың біртіндеп қалпына келуін біз байқап отырмыз. Әрине, бұл еңбек нарығына өзінің оң әсерін тигізуде. Статистикалық қорытындылармен айтатын болсақ, былтыр пандемияның үдеген (пик) кезінде 536 мың адам уақытша жұмыссыз болып қалса, жылдың соңына ол 149 мыңға дейін төмендеді. Қазір 1-тоқсан бойынша 136 мың адамға жетіп отыр. Жұмысшылардың біртіндеп өздерінің жұмыстарына кірісе бастағанын біз байқап отырмыз. Сонымен қатар қазіргі кезде 1-тоқсанның қорытындысы бойынша 36 мыңға жұмыс күші көбейіп отыр және былтырғы 1-тоқсанмен салыстырғанда жұмысқа орналастыру 37 мыңға өсіп отыр.

Әрине, Үкіметтің өз алдына жоспары бар, ол жоспарға сәйкес біз 1 миллион 200 мың адамды жұмыспен қамту шараларын жоспарлап отырмыз. Бұл істер жаңа атап өткен «Еңбек», Жұмыспен қамту жол картасы және басқа да мемлекеттік бағдарламалардың аясында іске асырылатын болады.

«Еңбек» бағдарламасының аясында көрсетілген механизмдер немесе құралдар мен тетіктердің тиімділігіне келетін болсақ, бұл жерде «Еңбек» бағдарламасы өзінің тиімділігін қазіргі таңда көрсетіп отыр. Бірақ оған қарамастан біз оны әрі қарай жетілдіруіміз керек және жаңа тетіктерді қарастыруымыз керек. Бұл мәселелер бойынша қазір «Еңбек» бағдарламасын ұлттық жобаға айналдырып жатырмыз. Осы ұлттық жобаның аясында осы мәселелерді қарастыратын боламыз. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Нөкетаева Динар Жүсіпәліқызына беріледі.

НӨКЕТАЕВА Д.Ж. Рақмет, Мәулен Сағатханұлы.

Менің сұрағым Білім және ғылым министріне.

Президент Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың 2019 жылғы 27 наурыздағы кеңесте өңір басшыларына берген тапсырмасына сәйкес жергілікті деңгейдегі кітапхана қызметкерлерінің жалақысы 2019 жылдың 2-ші жартысынан 30-35 пайызға, ал республикалық деңгейдегі кітапхана қызметкерлерінің жалақысы 2020 жылдан бастап 50 пайызға көтерілгені баршамызға мәлім. Алайда еліміздің орта білім беру ұйымдарындағы кітапхана қызметкерлерінің жалақысы бұрынғы деңгейде қалып қойғандығы бізді қынжылтады.

Жақында ұлттық құндылықтарды дәріптеу тақырыбына арналған парламенттік тыңдауларды өткіздік. Біз онда ұрпақ тәрбиесі жөніндегі институттармен бірлесіп жасөспірімдер мен жастардың шығармашылық қабілетін арттыру, сондай-ақ ұлттық құндылықтарды дәріптейтін тәрбиелік мәні бар оқулықтар мен кітаптардың қол жетімділігін қамтамасыз ету жайлы мәселелерді талқыланғанымызды білесіз. Оған өзіңіз де қатыстыңыз. Сіздің министрлікке ұсынымдар жолданды.

Сондықтан бұл кітапханаларда жұмыс істейтін қызметкерлердің жалақысын көтеру өте өзекті деп санаймыз.

Осыған орай сұрақ:

Осы кезек күттірмейтін әлеуметтік мәселе қашан шешімін табады? Орта білім беру ұйымдарындағы кітапханашылардың жалақысы басқа кітапханашылардың жалақысымен қашан теңеседі? Жоғарыда айтылған парламенттік тыңдаулардың ұсынымы қалай жүзеге асырылады? Рақмет.

ТӨРАҒА. Асхат Қанатұлы, жауап беріңіз.

АЙМАҒАМБЕТОВ А.Қ. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті депутаттар! Динар Жүсіпәліқызы көтерген мәселе өте өзекті. Бүгінде білім саласында қызмет ететін 13,5 мың кітапханашының жалақысы мәдениет саласындағы әріптестерімен салыстырғанда әлдеқайда төмен, бірақ олардың жұмыс мазмұны бірдей. Өздеріңіз білесіздер, кейбір елді мекендерде, әсіресе шалғайдағы елді мекендерде бұл жалғыз кітапхана болып саналады. Олар тек қана оқушыларды емес, жалпы барлық тұрғындарды кітаптармен қамтамасыз етуде.

Оқушыларымызды кітапқа баулу үшін, олардың оқу сауаттылығын көтеру үшін біз осы оқу жылынан бастап «Кітапқа құштар мектеп» жобасын бастап кеттік және көптен бері біздің кітапханаларымызға алынбаған жаңа әдеби кітаптармен қамтамасыз ете бастадық, әсіресе қазақ тілінде дүниежүзінің әдебиетін бере бастадық. Сондай-ақ ауылдағы және жалпы мектептегі кітапханалар жаңа форматта жұмыс істей бастады, олар коворкинг форматында балаларға өте тартымды, өте керек, өте көп келетін орын сияқты болу керек. Сол себептен біз осы кітапханашылардың да әлеуетін көтеруіміз керек, әлеуетін көтергеннен кейін олардың жалақысын да көтеруіміз керек. Осы себептен біздің министрлік және Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі, Қаржы министрлігі тиісті жұмыс тобын құрып осы жұмысты бастап кетті. Тиісті есептерді біз дайындадық, көп күттірмей осы мәселе болашақта шешіледі деп үміттенеміз. Сұрақтарыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Әлихан Асханұлы, бұндай өзекті мәселе бар. Президентің тапсырмасына сәйкес ұстаздардың жалақысы өте жақсы өсті, мәдениет саласындағы кітапханашылардың жалақысы өсіп жатыр. Бірақ мектепте істейтін кітапхана қызметкерлерінің жалақысының өспеуі біраз сұрақ тудырып жатқаны да жасырын емес. Жаңа министр айтып кеткендей біраз ауылда мектептегі кітапхана жалғыз кітапхана екені белгілі, осы салада істеп жатқан біздің азаматтарымыздың біраз әлеуметтік функциялары да бар. Сондықтан күзде алдағы үш жылдың бюджетін қараған кезге дейін біз осы соманы пысықтап қарап, депутаттар бар, Үкімет бар, бәріміз бірге осыны бюджетке кіргізу жағын ойластырсақ.

Құрметті әріптестер, келесі сөз депутат Нұржігітова Дана Өмірбайқызына беріледі.

НҰРЖІГІТОВА Д.Ө. Рақмет, Мәулен Сағатханұлы.

Менің сұрағым Қазақстан мен Ресей шекарасындағы өткізу бекеттеріне қатысты Қаржы министрлігіне, сондай-ақ Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігіне арналады.

Транзиттік әлеуетті көтеру мақсатында жыл сайын республикалық және жергілікті автокөлік жолдарын дамытуға ауқымды қаражат бөлініп отырғаны барлығымызға жақсы белгілі. Қарауымыздағы бюджетте осы мақсатқа қосымша 140 миллиард теңге қарастырылған. Алайда өткізу бекеттеріндегі инфрақұрылымдардың ескіргендігінен мұндай жолдардың өткізу мүмкіндігі төмен және ол жерлерде бірнеше километрге созылған автокөлік кептелісі пайда болады, кәсіпкерлер шығынға ұшырайды, сондай-ақ мұндай жағдай шекара маңындағы халықты әбiгерге түсіреді.

Ерлан Кенжебекұлы, сұрақ сізге.

Қаржы министрлігі Қазақстан-Ресей шекараларындағы өткізу бекеттерін жаңғыртуды толық қаржыландыруға дайын ба? Осы бюджетті нақтылау барысында өткізу бекеттерін қайта жаңғыртудың бірінші кезеңіне қаражат қарастыруға мүмкіндік бар ма?

Енді келесі сұрақ Бейбіт Бәкірұлы, сізге.

Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі автокөлік жолдарының дамуы мен өткізу бекеттерін жаңғырту мәселесін неге біріктіріп қарастырмайды? Сондай-ақ өткізу бекеттерін жаңғырту жұмыстары Ресейдің Көлік министрлігіндегі әріптестеріңізбен бірлесіп үйлестіріле ме? Рақмет.

ТӨРАҒА. Ерұлан Кенжебекұлы, жауап берсеңіз.

ЖАМАУБАЕВ Е.К. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті депутаттар! Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының арасындағы шекара құрлықтағы ең ұзақ шекара болып саналады. Бұл жерде тек автокөлік бекеттерінің саны 30, оның 27-і қазір қайта жаңғыртуды, яғни модернизациялауды талап етеді. Оған біз тиісті қаражатты бөлуге дайынбыз. Біздің жоспарымыз – алдағы бес жылда осы 27 автокөлік өткізу бекетін бірте-бірте жаңғыртудан өткізу. Алайда оны жаңғыртудан өткізу үшін бізге алдымен жобалық-сметалық құжаттарын дайындау керек, яғни соларға қаражат бөлу керек. Біз қазір келіп түскен ұсыным бойынша үш бекеттің жобалық-сметалық құжаттамаларына 42 миллион теңге қаражат бөлдік. Егер олар дайын болған жағдайда біз бюджеттен тиісті қаражаттарды бөлуге дайынбыз.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Бейбіт Бәкірұлы, жауап берсеңіз.

АТАМҚҰЛОВ Б.Б. Сұрақтарыңызға рақмет, құрметті Төраға, құрметті Дана Өмірбайқызы.

Бүгінгі күні Шекара қызметімен біз бірлесіп, жаңа айтылған 27 өткізу бекеттерін 2021 – 2025 жылдары қайта жаңартуды жоспарлап отырмыз. Әрине, бұл шаралар автокөлік жолдарының дамуымен бірге қарастырылады. Осы жұмыстарды біз Ресейдің Көлік министрлігімен үйлестіру үшін 2021 – 2025 жылдар аралығында Қазақстан-Ресей шекарасындағы өткізу бекеттерін дамыту бойынша бірлескен жол картасын әзірледік. Қазіргі уақытта Ресей тарапы осы жол картасында көзделген іс-шараларды келісу бойынша жұмыстар жүргізіп жатыр.

Ағымдағы жылы біз бірінші кезекте үш өткізу бекетін қайта жаңарту үшін жобалық-сметалық құжаттама әзірлеп, 2022 жылы құрылыс жұмыстарын бастаймыз. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Слово предоставляется депутату Лукину Андрею Ивановичу.

ЛУКИН А.И. Рақмет.

Вопрос от Комитета по конституционному законодательству, судебной системе и правоохранительным органам Министру внутренних дел.

Как нам известно, сегодня государством реализуются системные меры по модернизации правоохранительной и судебной сфер. Наш профильный комитет на постоянной основе мониторит реформы в уголовно-исполнительной системе. В стране развивается деятельность национального превентивного механизма.

В результате поэтапной гуманизации уголовного законодательства существенно сокращено количество лиц, содержащихся в колониях, было закрыто 14 тюрем. В результате улучшены позиции Казахстана в международном рейтинге тюремного населения. Тем не менее остается достаточное количество нерешенных проблем.

Нас беспокоит все еще имеющие место в исправительных учреждениях факты членовредительства, нарушения прав осужденных, пытки. Вместе с тем есть случаи нанесения телесных повреждений сотрудникам колонии. Одна из причин такого положения заключается в том, что не все тюрьмы сегодня обеспечены видеонаблюдением, там все еще остаются так называемые «слепые зоны».

На необходимость внедрения сплошного видеонаблюдения в этих учреждениях указывал Глава государства в своем Послании народу Казахстана. Мы видим, что в целях исполнения этого поручения Президента в рассматриваемом законопроекте предусмотрено выделение дополнительных бюджетных средств в размере 3,7 миллиарда тенге.

У меня к Вам, уважаемый господин генерал Ерлан Заманбекович, следующие вопросы.

1. Достаточно ли этих средств для установления сплошного видеонаблюдения в пенитенциарной системе?

2. В какие сроки будет исполнено поручение Президента по установлению сплошного видеонаблюдения в этих учреждениях? Спасибо.

ТӨРАҒА. Ерлан Заманбекұлы, жауап беріңіз.

ТҰРҒЫМБАЕВ Е.З. Спасибо за вопросы.

Действительно, это актуальный и сложный вопрос. В целом режим содержания осужденных и контроль в местах лишения свободы всегда вызывали много вопросов. Это одна из самых критикуемых сфер деятельности Министерства внутренних дел.

По поручению Главы государства на сегодняшний день проводится работа по введению сплошного видеонаблюдения в пенитенциарной системе. Но в связи с тем, что на сегодняшний день ни одна из этих колоний не выводится в центр оперативного управления, многие камеры до сих пор аналоговые и не могут выйти в цифровой формат, поэтому полностью пересмотрен план оснащения видеокамерами всех наших учреждений. Под это попадают 80 уголовных учреждений, в которых на сегодняшний день содержатся 32 тысячи осужденных. Туда входят также следственные изоляторы.

На первом этапе на 2021 год выделено 3,7 миллиарда тенге, это охват 29 учреждений уголовно-исполнительной системы, на следующий год – 34, на 2023 год – 17. Тем самым в течение трех лет мы планируем полностью завершить систему видеоконтроля за всеми учреждениями уголовно-исполнительной системы. В целом на это потребуются около 9 миллиардов тенге. На сегодняшний день поддержано Республиканской бюджетной комиссией, как я сказал, 3,7 миллиарда тенге, в последующем мы поэтапно будем простить деньги на следующее оснащение.

Дело в том, что на сегодняшний день колонии находятся вдали от населенных пунктов, здесь есть проблемы по техническому оснащению, то есть проводка систем связи, не везде есть интернет, не везде провайдеры сотовой связи, а также операторы системы видеоконтроля на сегодняшний день не готовы оснастить нас системами видеоконтроля. Поэтому эта программа рассчитана на три года.

В части коррупциогенности, Вы правы, на сегодняшний день мы системно к этому подходим. Чем закрытее система, тем больше критики.

На сегодняшний день национальный превентивный механизм допущен ко всем фактам злоупотребления, превышения власти, жалобам осужденных и всем фактам чрезвычайных происшествий. Также постоянно ставится в известность Уполномоченный по правам человека, также у нас есть общественные наблюдательные комиссии, которые тоже постоянно взаимодействуют с руководителями уголовно-исполнительной системы.

Но ряд системных мер по улучшению содержания осужденных мы уже сделали. В этом году у нас питание осужденных увеличено с 680 тенге до 1000 тенге, также увеличен вес посылки до 20 килограммов.

Кроме того, в период карантина практически все колонии были закрыты, свиданий не было. Поэтому мы ввели новую систему видеосвиданий, чтобы социальные связи с семьей и детьми не были прерваны.

Также в колониях мы увеличили количество трудозанятых с 38 до 48 человек в основном за счет швейных предприятий. К нам очень часто обращаются представители

малого и среднего бизнеса, которые на территории производственных площадей колоний готовы открыть свое производство. Мы этому не воспрепятствуем, а только приветствуем.

И основное достижение, я считаю, что Комиссией по реформе правоохранительных органов при Президенте было вынесено решение – медицинское обеспечение осужденных будет передано из Министерства внутренних дел в Министерство здравоохранения. До этого медицинские работники подчинялись напрямую начальнику колонии, он их назначал. Естественно, здесь стоял вопрос о превышении власти, злоупотреблении, не совсем качественном обеспечении осужденных медицинскими препаратами.

До конца этого года мы законодательно внесем предложение о передаче наших учреждений в Министерство здравоохранения. На следующий год поэтапно будут переводиться. За счет этого, мы считаем, будет меньше жалоб, будет лучше обеспечен вопрос охраны здоровья осужденных, тем самым мы приведем к международным стандартам все наши колонии. Спасибо.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Басқа сұрақтар жоқ. Осымен сұрақ қою рәсімін аяқтаймыз.

Енді қосымша баяндаманы тыңдайық.

Слово для содоклада предоставляется председателю Комитета по финансам и бюджету Перепечиной Ольге Валентиновне.

ПЕРЕПЕЧИНА О.В. Спасибо.

Уважаемый Маулен Сагатханович! Уважаемые депутаты и приглашенные! Социально-экономическая политика в 2021 – 2025 годы будет следовать принципам преемственности ранее одобренных и проводимых решений для достижения долгосрочных целей по повышению благосостояния населения и обеспечению устойчивого роста экономики в рамках реализации Стратегии «Казахстан – 2050» и Национального плана развития Республики Казахстан до 2025 года.

Основой для уточнения республиканского бюджета на 2021 год, как уже было сказано, являются корректировка прогноза макроэкономических показателей на 2021 – 2025 годы на базе анализа экономической ситуации в стране и мире и реализация задач по устойчивому росту экономики, повышению качества жизни и благосостояния граждан.

Докладчиками уже были представлены основные макроэкономические и бюджетные показатели, поэтому остановлюсь на наиболее важных моментах уточнения республиканского бюджета.

В целом поступления в республиканский бюджет увеличатся на 1,1 триллиона тенге и составят 12,5 триллиона тенге.

Прогнозируемые дополнительные поступления в основном из Национального фонда – 75 процентов, налоговые поступления составят 25 процентов, то есть выбрано вынужденное, но самое простое решение, ведь обеспечить налоговые поступления гораздо сложнее в нынешних условиях.

Прогноз социально-экономического развития на 2021 – 2025 годы предполагает увеличение налоговых поступлений на 24 процента по сравнению с прошлым годом.



Однако, принимая во внимание, что происходит снижение темпа роста НДС в нефтефтяном секторе и увеличение суммы возвратов НДС, возникает вопрос о корректности данного прогноза.

Также предполагается рост налоговых поступлений и за счет совершенствования налогового и таможенного администрирования путем цифровизации. Так, с начала 2021 года должен был стартовать пилотный проект по оформлению электронной сопроводительной накладной на товар в целях обеспечения сквозной прослеживаемости оборота товаров. Однако в связи с неготовностью системы сроки проведения последнего этапа пилота перенесены на февраль 2022 года, что не способствует поступлению налогов в полном объеме от этой меры.

Приведенные доводы наводят на мысль, насколько реалистичны данные прогнозы по предполагаемому увеличению налоговых поступлений.

Экономика переживает непростые времена, но мы должны иметь четкое представление, за счет каких доходов будут обеспечиваться расходы бюджета в перспективе, не рассчитывая только на Национальный фонд и нефтефтяные доходы.

Учитывая, что на 2022 год вновь рассматривается целевой трансферт из Национального фонда в сумме 550 миллиардов тенге, следует, что и на следующий год не планируется доведение налоговых поступлений до уровня, достаточного для обеспечения бюджетных обязательств.

Проектом увеличиваются расходы республиканского бюджета на 1,3 триллиона тенге, что составляет 15,3 триллиона тенге. И несмотря на то, что развитие экономики Казахстана происходит на фоне глобальных негативных трендов, обусловленных пандемией, уточнение бюджета предусматривает дополнительное финансирование важных для экономики страны и народа направлений.

В целом реализация предложенных антикризисных мер должна стать продолжением экономического курса, направленного на нивелирование последствий коронавируса и развитие факторов ускорения экономического роста для более устойчивой отечественной экономики.

Вместе с тем есть вопросы, на которые, полагаем, необходимо обратить внимание.

Первое. Рост расходов республиканского бюджета обеспечен традиционно за счет трансферта из Национального фонда в сумме 850 миллиардов тенге и увеличения объема дефицита до 2 триллионов 760 миллиардов тенге, или до 3,5 процента к ВВП.

Для финансирования дефицита продолжается использование международных займов со сложившейся тенденцией роста государственных обязательств. Для этой цели в 2020 году уже привлечен внешний заем в размере 1,5 миллиарда евро.

Растут расходы на обслуживание долга, которые в 2021 году достигли порядка 1 триллиона тенге, или 6,2 процента от общего объема расходов.

Согласно прогнозу, пик погашения правительственного долга приходится на 2023 год, и мы будем вынуждены изыскать 1,5 триллиона тенге.

Поэтому, несмотря на сложившиеся оптимистичные показатели, тема государственного долга вызывает обеспокоенность из-за стремительного темпа роста. Только за год он увеличился на 4,2 триллиона тенге, или на 25 процентов.

Отдельно стоит отметить о состоянии долга местных исполнительных органов, за один год он вырос в 2 раза, это при том, что все регионы, за исключением четырех регионов-доноров, являются субвенционными. Возникает большая вероятность, что их обязательства лягут тяжелым бременем на республиканский бюджет.

Второе. Расходы на социальную сферу увеличиваются на 374 миллиарда тенге и составят 48,7 процента к общим расходам бюджета.

Для реализации социальных инициатив в очередной раз вынуждены прибегнуть к использованию средств Национального фонда. Это и обеспечение кадрами с высшим и послевузовским образованием, и повышение заработной платы сотрудникам органов внутренних дел и медицинским работникам, и увеличение размеров стипендии студентам вузов и другие.

Все эти расходы носят постоянный характер и по своей природе не должны финансироваться за счет целевого трансферта из Национального фонда, поскольку их финансирование потребуются и в последующие годы. В будущем источники их финансирования не определены, а значит, опять придется обращаться в Национальный фонд.

Продолжается планирование финансирования мероприятий без проведения оценки эффективности этих затрат и определения их приоритизации. Так, например, Министерством образования и науки на 2021 год для участия казахстанской команды в XXX Всемирной зимней универсиаде вновь предусматривается 151 миллион тенге, которые были возвращены в 2020 году в связи с отменой проведения этих мероприятий из-за пандемии коронавируса. А какова вероятность использования этих средств в этом году при существующей ситуации?

Третье. Крайне напряженной остается эпидемиологическая ситуация в мире, что не может не отражаться на нашей стране. Мутация вируса приводит к его более агрессивным формам. В этих условиях готовность системы здравоохранения для оказания качественных, своевременных услуг – первостепенный вопрос. Вместе с тем не должны страдать и другие больные, смертность которых также растет. Это болезни системы кровообращения, онкологические заболевания, болезни нервной системы и другие. Так, уже с начала года стоит вопрос обеспечения химиопрепаратами онкобольных, потому что выделенных средств на 2021 год в 2 раза меньше потребности, заявленной регионами. Но и реальной потребности Министерство здравоохранения назвать не может, поэтому каждый год ситуация повторяется, а страдают в итоге больные.

В ходе рабочих встреч в регионах поднимаются вопросы финансирования и наполнения тарифов стационарной службы, в том числе пульмонологических и кардиохирургических больниц, внедрения базового финансирования для инфекционной службы, дифференцированной оплаты по категории сложности в перинатальных центрах.

Так, при комбинированных кардиохирургических операциях, когда одному больному требуется проведение, например, нескольких стентирований одновременно или аортокоронарное шунтирование и стентирование, то возмещаются расходы только на одну операцию.

Все еще остаются услуги, не включенные в стандарты оказания медицинской помощи, и, как следствие, не имеющие тарифов, однако не менее важные, чем другие виды лечения.

Финансовая устойчивость системы здравоохранения в условиях продолжающейся пандемии очень важна, и вопрос пересмотра тарифов требует срочного рассмотрения и решения.

Уважаемые коллеги! В целом проект уточненного республиканского бюджета соответствует общенациональным приоритетам Республики Казахстан до 2025 года, утвержденным Указом Президента Республики Казахстан от 26 февраля 2021 года, сохраняет антикризисный характер, мы надеемся, окажет положительное влияние на положение незащищенных слоев населения, качество жизни казахстанцев, обеспечит финансовую основу для дальнейшего поступательного развития всех сфер жизнедеятельности государства, а также направлен на развитие регионов.

В рамках рассмотрения данного законопроекта были проведены заседания комитета и расширенное заседание комитета. Постоянные комитеты Сената замечаний и предложений по законопроекту не имеют.

На основании изложенного Комитет по финансам и бюджету рекомендует принять Закон Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в Закон Республики Казахстан «О республиканском бюджете на 2021 – 2023 годы».

Благодарю за внимание.

ТӨРАҒА. Спасибо, Ольга Валентиновна.

Әріптестер, енді заң жобасын талқылауға көшеміз.

Сөз депутат Күрішбаев Ақылбек Қажығұлұлына беріледі.

КҮРІШБАЕВ А.Қ. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Мен өз сөзімде үш мәселеге тоқталғым келеді.

Бірінші мәселе ауылдық аумақтарды дамытуға байланысты. Біз Үкімет мүшелеріне ауылдық аумақтарды дамытуға арналған парламенттік тыңдаулардың қорытындысы бойынша Сенаттың әзірлеген ұсынымдарын қолдағаны үшін ризашылығымызды білдіреміз. Жаңа Мәулен Сағатханұлы айтқандай ауылдың мәселелері әрқашан да Сенаттың бақылауында болады.

Дегенмен ауыл-аймақтарды дамыту әлі де көп жұмысты, қажырлы еңбекті қажет етеді. Табысы күнкөріс деңгейінен төмен аз қамтылған отбасылардың көпшілігі ауылдық жерлерде тұрады, олардың үлесі қалаға қарағанда 2,5 есе көп. Соңғы екі жылда ауылдан қалаға 720 мың адам қоныс аударған. Біз жүргізген сауалнама ауылдық жердегі ең басты қиындық – жұмыссыздық екенін көрсетіп отыр. Сауалнамаға қатысқан еңбекке қабілетті адамдардың 40 пайызы болашақта қалаға көшуді жоспарлап отыр. Ауылда 137 денсаулық, 315 білім беру нысанын салу керек, 78 мектеп үш ауысымды, 19-ы апаттағы жағдайда, 900 дәрігер, 1860 педагог жетіспейді.

Үкіметтің қолданған шаралары арқасында ауылдағы көптеген проблемалар шешілуде, бірақ біз қалағандай тез арада емес. Мамандардың есебі бойынша ауылдық инфрақұрылымды қаржыландыруға қазіргі жоспарланған бюджетке қарағанда кемінде

2 есе көп қаражат бөлу қажет. Біз ауыл тұрғындарының ең өзекті мәселесі – оларды сапалы ауызсумен қамтамасыз ету қалай шешіліп жатқанына талдау жүргіздік. Мемлекет басшысының осы мәселеге қатысты берген тапсырмасының сапалы орындалуын қалай қамтамасыз етеміз?

2019 жылы 105 ауылдық елді мекенге ауызсу тасымалдау арқылы жеткізілетін болса, өткен жылдың соңына қарай олардың саны азаймаған, керісінше көбейген, яғни 109 ауылдық елді мекен болған. Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің мәліметінше, сапалы ауызсумен 1922 ауылдық елді мекен әлі қамтамасыз етілмеген, ал бұл еліміздегі барлық ауылдың 30 пайызынан астамы. Оның ішінде 1129 ауылда сумен жабдықтау жүйесін блок-модульдерді салу арқылы жергілікті бюджет есебінен қалпына келтіру көзделіп отыр. Сонымен бірге мамандардың бұл жұмысты 2025 жылға дейін (жаңа министрлер бұл мерзімді айтып кетті), яғни қалған төрт жылда аяқтай алатынымызға күмәні бар. Өйткені бұл ауылдардың көпшілігінде жер асты суларының қорлары, яғни дебеті және олардың сапасы әлі зерттелмеген, ал бұл жұмыс қымбатқа түсетін ұзақ процесс.

Назар аударғым келетін екінші мәселе – инфляция мәселесі. Өткен жылы елімізде инфляция деңгейі 7,5 пайызға жетті. Осы жылдың басынан бері ол шамамен 7 пайызды құрады. Жыл соңына дейін біз оны жоспарланған 4-6 пайыз деңгейінде ұстап тұра аламыз ба?

Біз Үкіметке депутаттық сауал жолдадық, онда сауда объектілеріне жеңілдетілген несие бөлу арқылы азық-түлік тауарларының бағасын реттеу механизмінің тиімділігі аз екендігі туралы дәлелдер келтірдік. Бұл жерде біраз шешілмеген мәселелер бар. Сондықтан біз бюджет қаражатын тікелей отандық ауылшаруашылық тауар өндірушілерден өнімдерді форвардтық сатып алуға, яғни оларға сақтау, өңдеу және тасымалдау, ұйымдастыру қажеттілігін ескере отырып, ұзақ несие бөлуге бағыттаған жөн деп санаймыз. Біз Үкіметтің көтерме-тарату орталықтарын салу жөніндегі ұстанымын қолдаймыз, бірақ бұл жерде де жұмысты аяғынан емес, басынан, яғни өндірістен бастау керек. Сонда салынған орталықтар бос тұрмай, ең төменгі бағадағы өнімдермен қамтамасыз етілетін болады.

Үшінші мәселе ветеринария саласындағы қазіргі жағдай туралы. Ашығын айту керек, бұл жерде жағдай өте күрделі. Біз коронавирустың әсерін ел болып сезініп, көріп отырмыз, ал ертең осындай пандемия мал шаруашылығына тараса не боламыз?! Өйткені мал мен адамның көптеген аса қауіпті аурулары бірдей.

Өткен жылы сенаторлар, осы саланың мамандары ветеринария саласының жағдайы туралы (ұлғайту бойынша) Үкіметке депутаттық сауал жіберген, біраз жүйелі ұсыныс енгіздік. Өкінішке қарай, әлі күнге дейін салада тиісті өзгерістер байқалмайды.

Құрметті Үкімет мүшелері, біз Үкіметтің пандемия мен экономикалық дағдарыстың осы күрделі кезеңінде экономиканы тұрақтандыру және еліміздің әлеуметтік саласын дамыту үшін көп жұмыс атқарғанын көріп отырмыз, түсініп отырмыз.

Мен қаралып жатқан республикалық бюджет туралы заң жобасын қолдаймын. Сіздерден алдағы жұмыста аграрлық саланың аталған өзекті мәселелерін шешуге назар аударуды сұраймыз.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Төреғалиев Нариман Төреғалиұлына беріледі.

ТӨРЕҒАЛИЕВ Н. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Әлеуметтік сала бойынша 2021 жылға нақтыланған бюджет жобасы 374 миллиард теңгеге артып, 7,5 триллион теңгені, яғни республикалық бюджет шығыстарының 48 пайызын құрап отыр.

Атап айтсақ:

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі бойынша шығыстар көлемі 67 миллиард теңгеге;

Денсаулық сақтау министрлігі бойынша 236 миллиард теңгеге;

Білім және ғылым министрлігі бойынша 34 миллиард теңгеге;

Мәдениет және спорт министрлігі бойынша 28 миллиард 600 миллион теңгеге;

Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі бойынша 7 миллиард 60 миллион теңгеге ұлғайып отыр.

Былтырғы жылы 2021 – 2023 жылдарға арналған бюджетті бекіту кезінде Сенат депутаттары көтерген әлеуметтік саланың бірқатар мәселелері өз шешімін тапты. Дей тұрғанмен кейбір төмендегі мәселелерге Үкіметтің назарын аударғымыз келеді.

Бүгінгі күні еліміздің денсаулық сақтау жүйесінде 262 мыңға жуық медицина қызметкері еңбек етеді. Мемлекет тарапынан оларды қолдау мақсатында біраз жұмыстың жасалуына қарамастан медицина мамандарының өткір тапшылығы азаймай тұр. Ағымдағы жылдың 1 қаңтарына 4 мың 500 медицина кадры жетіспейді. Сонымен қатар кадрлардың жетіспеушілігіне көші-қон мәселесі де кері әсерін тигізуде. Мысалы, соңғы үш жылда 3 мың 500-дей медицина маманы басқа мемлекеттерге қоныс аударған.

Денсаулық сақтау мамандары бір жылдан астам уақыт пандемия жағдайында өз өмірлерін қатерге тігіп, адам өмірін ажалдан арашалап қалу үшін аянбай еңбек етуде. Біз коронавирустық пандемиядан туындаған дағдарыстан сабақ алуымыз керек. Денсаулық сақтау саласының індетке дайын болмауы, кадрлардың көп жылғы тапшылығы пандемия кезінде айқын сезілді.

Бұл сала еліміз үшін стратегиялық маңызды саланың бірі болғандықтан пандемиядан пандемияға дейін емес, жүйелі түрде дамуы керек екенін естен шығармауымыз керек. Өздеріңізге белгілі, екі жыл бұрын Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес «Педагог мәртебесі туралы» Заңды қабылдап, біз қысқа мерзім ішінде білім беру саласындағы күрделі жағдайды түбегейлі өзгерте бастадық.

Заң қабылданғаннан кейінгі алғашқы жылы педагогикалық мамандықтарға түскен «Алтын белгі» иегерлерінің саны 1,7 есе өскенін айтудың өзі жеткілікті. Талапкерлер ағынының едәуір артуы педагог мамандықтары бойынша оқуға түсуге шекті балды 60-тан 70-ке дейін көтеруге мәжбүр етті, ал биыл оны 75-ке дейін жеткізу жоспарлануда. Болашақ педагогтардың стипендиясы 100 пайызға, ал докторанттардың стипендиясы 75 пайызға ұлғайтылды. Көріп отырғанымыздай мемлекет қабылдаған кешенді шаралар талантты жастардың мәртебелі ұстаз мамандығын таңдауға оң әсерін тигізуде.

Егер біз медицина қызметкерлеріне қатысты осындай шараларды қабылдайтын болсақ, онда қысқа мерзімде медицина саласындағы жағдайды өзгертуге болады деп ойлаймыз. Сондай-ақ осы игі мамандықтың мәртебесін көтеру мақсатында медицинаның үздік өкілдеріне «Қазақстанның құрметті дәрігері» атағын беру әділетті болар еді.

Біздің ойымызша осы маңызды саланың дәрігерлерінен бастап санитарға дейінгі қызметкерлерін ұзақ мерзімді қолдау бағытындағы шараларды қабылдаудың уақыты әбден келді.

Айтылғандарды ескере отырып Үкімет медицина қызметкерлеріне әлеуметтік мәртебе мен кепілдіктерді заңнамалық түрде бекіту үшін өзінің күн тәртібіне енгізе отырып бақылауға алады деп есептейміз.

Келесі мәселе, соңғы екі жылда білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет, әлеуметтік қорғау саласы қызметкерлерінің еңбекақысының өскенін білеміз. Алайда Үкіметтің қаулысына сәйкес төленетін еліміздегі мемлекеттік мекемелерде техникалық қызмет көрсететін штаттан тыс қызметкерлердің жалақысы төмен деңгейде қалуда. Мысалы, өтемақысын қосқандағы жалақы мөлшері еңбек өтілі 25 жылдан жоғары іс қағаздарын жүргізуші 64 мың теңге, 4 разрядтағы көлік жүргізуші 60 мың теңге, 1 разрядтағы еден жуушы 54 мың теңге көлемінде айлық алады, ал қолға тиетіні одан да аз. Бұл ретте осы санаттағы қызметкерлердің еңбекақысын көтеру мақсатында құзыретті министрлік алдағы уақытта жұмыс жасайды деген ойдамыз.

Жоғарыдағы баяндалғанға сәйкес әлеуметтік сала еліміздің ең маңызды салаларының бірі екендігін ескере отырып, біздің тарапымыздан көтерілген маңызды мәселелер бойынша Үкімет тиісті шешімдер қабылдайды деп сенеміз.

Тұтастай алғанда, республикалық бюджетті нақтылау барысында әлеуметтік басымдылық сақталған.

Заң жобасын қолдаймын және әріптестерімді қолдауға шақырамын.

Назар қойып тыңдағандарыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Сұлтанов Ерік Хамзаұлына беріледі.

СҰЛТАНОВ Е.Х. Рақмет.

Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті отырысқа қатысушылар!

В целом поддерживая рассматриваемый проект закона, хотел бы остановиться на вопросе развития малого и среднего бизнеса в нашей стране.

Прошлый год был непростым. Объявленный карантин и вынужденные ограничительные меры в условиях распространения вирусной инфекции оказали негативное влияние на деятельность малого и среднего бизнеса.

Своевременно принятый по инициативе Главы государства комплекс мер по поддержке малого и среднего бизнеса способствовал снижению негативных последствий кризиса. Мы видим, что в проекте уточненного бюджета предусмотрены значительные дополнительные средства на помощь малому и среднему бизнесу, в том числе в наиболее пострадавших секторах экономики, это радует.

На реализацию Государственной программы «Дорожная карта бизнеса – 2025» бюджетные средства увеличены до 132,5 миллиарда тенге. Однако нерешенными остаются системные проблемы малого и среднего бизнеса. Мы подробно рассматривали их в рамках парламентских слушаний в Сенате, по результатам которых были выработаны

рекомендации. Хочу отметить, что почти все рекомендации приняты Правительством и реализуются или уже исполнены.

Вместе с тем имеются рекомендации, которые находятся на стадии изучения и анализа. На них хотелось бы остановиться подробнее.

Во-первых, это низкий охват кредитования банками второго уровня субъектов малого и среднего бизнеса. Так, по данным Агентства по регулированию и развитию финансового рынка, доля кредитования банками второго уровня субъектов малого и среднего бизнеса без участия государства в 2020 году составила всего около 19 процентов.

Следующий вопрос касается оптимизации структуры малого и среднего бизнеса. В секторе малого и среднего бизнеса больше всего пострадал микробизнес. Это обусловлено высокой концентрацией микробизнеса в наиболее пострадавших отраслях, в таких, как торговля и сфера услуг.

Следует также обратить внимание на то, что налоговые поступления в бюджет страны, направляемые микробизнесом, соизмеримы с объемом налоговых поступлений субъектов среднего предпринимательства.

Безусловно, предусмотренные в уточненном республиканском бюджете средства в размере 18,4 миллиарда тенге на субсидирование части ставки вознаграждения по кредитам малого и среднего предпринимательства в наиболее пострадавших секторах экономики окажут положительный эффект на развитие сферы малого и среднего бизнеса. Однако не для всех субъектов микробизнеса они будут доступны.

Так, не имея необходимого залогового имущества и достаточных оборотных средств, субъекты микробизнеса нередко вынуждены брать потребительские кредиты как физические лица под 20-25 процентов годовых. По этой же причине меры финансовой поддержки, оказываемые в рамках государственных программ, остаются недоступными для микробизнеса. Все это ведет к росту невозвратных кредитов, приостановлению деятельности субъектов бизнеса и связанным с этим социальным рискам.

Поэтому считали бы необходимым выработать и отдельно выделить меры поддержки микробизнеса, отличные от малого и среднего бизнеса. Они должны содержать введение налоговых льгот, упрощенное налоговое и таможенное администрирование, смягченные условия получения мер поддержки в рамках государственных программ и приемлемые условия кредитования.

Таким образом, считали бы возможным выделение бюджетных средств на поддержку бизнеса осуществлять дифференцированно по субъектам бизнеса.

Для реализации указанных мер в целях поддержки и создания приемлемых условий для деятельности микробизнеса целесообразно выделение субъектов микробизнеса из категории малого предпринимательства с соответствующим законодательным закреплением.

Сегодня необходимо максимально эффективно использовать все имеющиеся возможности, чтобы обеспечить не только восстановление сектора малого и среднего бизнеса, но и его дальнейший рост.

Уважаемые коллеги! В целом поддерживаю вышеуказанный законопроект, а также призываю вас поддержать его.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Талқылауға қатысатын басқа депутаттар жоқ. Талқылау аяқталды. Енді заң жобасы бойынша шешім қабылдайық.

«2021 – 2023 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын қабылдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Заң қабылданды.

Құрметті депутаттар және отырысқа қатысушылар! Біз бүгін 2021 – 2023 жылдарға арналған республикалық бюджетті нақтылау туралы заңды қабылдадық. Сенаттың тұрақты комитеттері осыған дейін бюджет кірістері мен шығындарының барлық бағыттарын мұқият талдап, сараптады. Бүгінгі отырыста да бұл мәселені жан-жақты және мұқият талқыладық.

Бюджетке түзетулер енгізу Мемлекет басшысының тапсырмаларын іске асыруды қаржыландыру үшін қажет. Сондай-ақ 2021 жылдың 10 қаңтарында өткен Мәжіліс сайлауында қазақстандықтардың басым бөлігі қолдаған «Nur Otan» партиясының сайлау алдындағы бағдарламасын іске асыру үшін де қаржы қарастырылып отыр.

Қаражат өңірлерді дамыту және әлеуметтік мәселелерді шешу мақсаттарына жұмсалады. Мәселен, «Ауыл – ел бесігі» жобасын іске асыру үшін бөлінген қаражат көбейтіліп, 106 миллиард теңгеге жетті. Осы қаржының есебінен мыңдаған жұмыс орнын ашу көзделіп отыр. Одан бөлек бір мыңнан астам әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылым нысандарын салу және жөндеу жұмыстары жүргізіледі. Агроөнеркәсіптік кешенді субсидиялауға және ауылшаруашылық өнімдерін өндірушілерді қолдауға қосымша 31 миллиард теңге бөлінеді. Соның нәтижесінде бұл салаға қарастырылған қаражаттың жалпы көлемі 195 миллиард теңгені құрайды. Сонымен қатар республика бойынша жолдарды салып, жөндеуге 413 миллиард теңге бөлініп отыр. Жұмыспен қамтудың жол картасын қосымша қаржыландыру арқылы 127 инфрақұрылымдық жоба іске асырылады. Сондай-ақ 5 мыңнан астам бизнес-жобаға несие беріліп, соның нәтижесінде 15 мыңға жуық жұмыс орны ашылады.

Коронавирус індетімен күрес және оның салдарын жою жұмыстарына да қосымша қаржы бөлінеді. Бұл қаражат денсаулық сақтау саласының қызметкерлерін қолдау және азаматтарды емдеу үшін пайдаланылады. Нақтыланған бюджет еліміздің экономикалық дамуына және халықтың әлеуметтік жағдайын жақсартуға оң әсерін тигізеді деп сенеміз.

Бүгін сенаторлар бірқатар өзекті проблемаларды көтерді. Соның ішінде ауылдық жерлерді өркендету мәселесі де бар. Елімізде әлі күнге дейін ауызсу мәселесі шешілмеген ауылдар бар. Әрбір бесінші ауылда мектепке жөндеу жұмыстарын жүргізу керек. Денсаулық сақтау нысандары мен жолдардың да жағдайы осындай. Ауылдағы интернет те үлкен мәселелердің бірі. Сондай-ақ бүгін депутаттар шағын және орта бизнесті дамыту, агроөнеркәсіптік кешенді өркендету, салық түсімдері, жекелеген санаттағы қызметкерлердің жалақысын көтеру, отандық вакцинаны өндіру және басқа да мәселелерді қозғады. Үкімет мүшелері депутаттар көтерген барлық мәселені ескереді деп сенеміз.

Сонымен қатар бөлініп жатқан қаражаттың тиімді жұмсалуын қамтамасыз ету де аса маңызды. Бюджеттің елеулі бөлігі Ұлттық қордан трансферттеу арқылы құралады. Барлық



бюджеттік шығындар нақты нәтиже беру керек, сондықтан бюджет қаражатының әр тиынына дейін орнымен жұмсауымыз керек. Бюджет тапшылығын қысқарту да маңызды міндет болып қала береді.

Маусым айында Үкіметтің Республикалық бюджеттің атқарылуы туралы есебін қараймыз. Сол кезде біз бұл мәселерді жан-жақты талқылайтын боламыз.

Құрметті отырысқа қатысушылар! Барлық Үкімет мүшелеріне, Ұлттық Банк Төрағасына және депутаттарға бүгінгі нәтижелі талқылаулар үшін алғысымды білдіремін.

Республикалық бюджетке өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы заң еліміздің игілігіне қызмет етеді деп сенеміз.

Қазақстанды дамыту жолындағы жұмыстарыңызға табыс пен сәттілік тілейміз.

Сөз Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары Смайылов Әлихан Асханұлына беріледі.

СМАЙЫЛОВ Ә.А. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті депутаттар! Республикалық бюджетті нақтылау бойынша заң жобасын жедел қарап, қолдағандарыңыз үшін Үкімет тарапынан үлкен алғыс айтамыз.

Бұл заң жобасы «Nur Otan» партиясының сайлауалды бағдарламасын іске асыруға және коронавирустың салдарын барынша азайтуға мүмкіндік береді. Бұл еліміздің, экономикамыздың дамуына және халқымыздың әл-ауқатын арттыруға оң ықпал етеді.

Бүгін сіздер көтерген мәселелерді біз жұмысымызда ескереміз. Депутаттық корпусқа үлкен рақмет айтамыз.

ТӨРАҒА. Рақмет. Әрі қарай да бірлесіп, нәтижелі жұмыс істейміз деп сенеміз.

Осы мәселе бойынша шақырылған азаматтарға рақмет. Сау болыңыздар.

Бейнеконференц байланысы өшірілсін.

Құрметті сенаторлар! Күн тәртібіндегі келесі екі заң жобасы сайлау мәселелеріне қатысты. Бас комитет оларды бірге қарауды ұсынып отыр. Қарсылық жоқ па?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса, Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мақұлдаған «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының жобасын және Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мақұлдаған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сайлау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын бірге қараймыз.

Баяндама жасау үшін сөз Ұлттық экономика министрі Ерғалиев Әсет Арманұлына беріледі.

ЕРҒАЛИЕВ Ә.А. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті депутаттар! Өткен жылдың 1 қыркүйегіндегі Мемлекет басшысының Жолдауындағы тапсырмасын іске асыру

барысында еліміздегі аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің әкімдерінің тікелей сайлауын енгізу мәселелері бойынша заң жобасы әзірленді.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет туралы заңнамасына сәйкес біліктілік талаптарына сай келген және 25 жасқа толған еліміздің кез келген азаматы сайлана алады. Саяси партиялар мүшелері және сайлаушылардың жалпы санының кемінде 1 пайызына қол жинаған кандидаттар сайлауға түсе алады.

Сайлау 40 күн бұрын жарияланады, ал сайлаудың өзі қазіргі әкімнің өкілеттік мерзімі аяқталғанға дейін 10 күн бұрын өтеді. Сайлау өткізілгеннен кейін үш күн ішінде қорытынды шығарылады. Сайлау өткізілгеннен кейін жеті күн ішінде аумақтық сайлау комиссиясы сайланған әкімді тіркейді, содан кейін ол өз өкілеттігіне кіріседі.

Сайлау әкімдердің өкілеттік мерзімінің аяқталуына қарай жергілікті бюджет есебінен өткізіледі.

Бюджет заңнамасының нормаларын ескере отырып, 2021 – 2022 жылдары қаржыландыру республикалық бюджеттен нысаналы трансферттермен, ал кейіннен 2023 жылдан бастап жергілікті бюджет есебінен жалпы сипаттағы трансферт арқылы жүзеге асырылатын болады.

Ағымдағы жылдың екінші жартыжылдығында тікелей сайлауды енгізуге 4,8 миллиард теңге қажет болады.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2021 жылғы 15 қаңтарда VII шақырылымдағы Парламент Мәжілісінің бірінші сессиясының ашылуында берген тапсырмасына сәйкес Парламент Мәжілісі мен мәслихат сайлауы кезінде саяси партиялардың өту шегі 7 пайыздан 5 пайызға дейін төмендейді, сондай-ақ барлық деңгейдегі сайлау бюллетеньдеріне «Барлығына қарсымын деген» графа қосылады.

Құрметті депутаттар! Осы заң жобасы әкімдерді тікелей халықтың сайлауына мүмкіндік береді. Ауыл әкімінің халықтың қажеттіліктері мен мәселелеріне ден қою жеделдігін арттыруға, сондай-ақ «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын толық көлемде іске асыруға мүмкіндік береді.

Ұсынылып отырған заң жобасын қолдауларыңызды сұраймыз.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті әріптестер, заң жобасы бойынша сұрақтарыңыз бар ма?

Сөз депутат Қылышбаев Нұрлан Наурызұлына беріледі.

ҚЫЛЫШБАЕВ Н.Н. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Менде екі сұрақ бар және соларға кезекпен жауап берілсе.

Бірінші сұрағым Орталық сайлау комиссиясының өкілі Ерлан Сламханұлы Дауылбаевқа.

Сайлау жөніндегі конституциялық заңға өзгерістерге сәйкес аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің сайланатын әкімдері кандидаттарға қойылатын белгілі бір талаптарға сәйкес келуі тиіс.

Бұл жерде жоғары білімінің, белгілі бір еңбек өтілінің, яғни мемлекеттік қызметте немесе мемлекеттік орган болып табылмайтын ұйымдарда кемінде екі жыл, соның ішінде

басшылық лауазымдарда кемінде екі жыл еңбек өтілінің болуы және мемлекеттік қызмет туралы заңнамада белгіленген басқа да талаптар жөнінде сөз болып отыр.

Осыған орай сұрақ:

Заң жобасында қарастырылған кандидаттарға қойылатын біліктілік талаптары өзін-өзі ұсынатындарға айтарлықтай кедергі болады деп санамайсыз ба? Өйткені шалғай ауылдарда мұндай талаптарға сай келетін адамдарды табудың өзі оңай бола қоймас.

Ал екінші сұрағым Әділет министрлігінің өкілі Пан Наталья Виссарионовнаға.

Жетінші шақырылымдағы Парламенттің бірінші сессиясының ашылуында Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев елімізде саяси бәсекелестікті дамытудың маңыздылығын атап көрсетіп, бірқатар ерекше бастамаларды ұсынған болатын. Атап айтқанда, бүгін қаралып отырған конституциялық заң жобасында Парламент Мәжілісіне және мәслихаттарға сайлау кезінде саяси партиялардың өту шегін 7 пайыздан 5 пайызға дейін азайту жөнінде нормалар көзделген.

Осыған байланысты мынадай сұрағым бар:

Айтыңызшы, Парламент Мәжілісіне және мәслихаттарға саяси партиялардың өту шегін 7 пайыздан 5 пайызға дейін азайтқаннан қандай оң нәтиже күтуге болады? Рақмет.

ТӨРАҒА. Ерлан Сламханұлы, жауап беріңіз.

ДАУЫЛБАЕВ Е.С. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, рақмет.

Біріншіден, сайлау туралы конституциялық заңда бұл біліктілік талаптары белгіленбеген. Қазіргі таңда 2 мың 345 ауыл әкімдері қызмет атқаруда. Олар осы біліктілік талабына сай қызмет атқарып жатыр. Бұл біліктілік талаптары Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігі төрағасының бұйрығымен бекітілген. Сонымен бірге бұл біліктілік талаптары тек өзін-өзі ұсынған кандидаттар ғана емес және басқа да ұсынылатын кандидаттарға тиесілі болады. Сол себептен ауыл әкімдерінің өзінің тұрғындарына тиісті жер мәселесі, әлеуметтік мәселелер бойынша, салық мәселесі, басқа да мәселелер бойынша дұрыс деңгейде сұрақтарға жауап беріп, мәселесін шешу үшін тиісті тәжірибе керек, тиісті білім керек. Сол себептен мен осы әкім лауазымына сайлау үшін кедергі болмайды деп ойлаймын.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Наталья Виссарионовна, пожалуйста, Вам слово.

ПАН Н.В. Сұрағыңызға рақмет. Рұқсат болса, сұраққа орыс тілінде жауап берейін.

Правовое регулирование избирательного процесса в ряде стран и в нашей стране предусматривает наличие избирательного порога для прохождения политических партий в Парламент страны и местные органы представительной власти. Это необходимо для эффективной работы, конструктивного обсуждения вопросов в стенах Парламента и маслихатов, а также недопущения нестабильных политических объединений, которые не имеют достаточной поддержки, не имеют достаточных ресурсов для продвижения своих идей на представительном уровне.

Но в наших условиях, когда сейчас сформированы политические силы, зарегистрированы политические партии, имеющие своей целью улучшение жизни общества, предвыборную платформу, значительное число своих сторонников, привлечение именно таких политических партий в Парламент страны и маслихаты будет иметь ряд позитивных эффектов.

Во-первых, будет обеспечен более широкий учет мнений населения, то есть более глубокое вовлечение гражданского общества в процесс принятия политических решений, в процесс управления государством.

Во-вторых, те имеющие место разногласия, противоречия будут сниматься на уровне обсуждения вопросов в представительных органах. То есть итоговый документ будет менее конфликтным, менее противоречивым и с большей степенью вероятности будет успешно реализован органами исполнительной власти и иными субъектами.

В-третьих, сама по себе политическая конкуренция будет иметь в результате выигрыш всех, и государства, и гражданского общества, поскольку будет предусмотрено легитимное взаимодействие политических сил, а также будут приниматься более выверенные, обоснованные и аргументированные решения.

В целом можно говорить, что снижение порога с 7 до 5 процентов является очередным последовательным этапом политической модернизации, имеющей своей целью установление демократических основ, которые являются неотъемлемой частью правового государства, которым провозгласила себя Республика Казахстан согласно Конституции страны. Спасибо.

ТӨРАҒА. Спасибо.

Сөз депутат Алдашев Сүйіндік Тасеменұлына беріледі.

АЛДАШЕВ С.Т. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Менің баяндамашыға екі сұрағым бар.

Сайлау туралы конституциялық заңға енгізілген түзетулерде аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің әкімін сайлауды тағайындау үшін екі негізді қарастыруды ұсынылған.

Біріншісі – әкімнің өкілеттігінің белгіленген мерзімінің аяқталуы және әкімнің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату.

Екіншісі – тиісті әкімшілік-аумақтық бірлікті қайта ұйымдастыру.

Менің сұрағым екінші негізге байланысты болып отыр.

Егер заңнамалық актілерге сүйенетін болсақ, оларда «қайта ұйымдастыру» деген ұғым жоқ. Энциклопедиялық сөздікке сәйкес «қайта ұйымдастыру» деген сөз «қайта құру, қайта орналастыру, мекемелер мен ұйымдардың құрылымы мен қызметін өзгертулер бағыты» деп түсіндіріледі.

Тиісті әкімшілік-аумақтық бірлікті қайта құру дегенде нені түсінуге болатынын егжей-тегжейлі айтып бере аласыз ба? Жаңа әкімшілік-аумақтық бірлік құру сайлау тағайындау үшін негіз болып табылады ма?

Екінші сұрағым. Сайлау мәселелері жөніндегі ілеспе заң жобасының нормаларымен әкімнің өкілеттігін тоқтату үшін негіздердің бірі «Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген өзге де жағдайлар» деп айқындалған.

Осыған байланысты менің сұрағым: «өзге жағдайларда» дегенде не түсіндірілетінін айтып беріңізші?

Біз әкімнің өкілеттігін тоқтататын жағдайлардың тізбесі түбегейлі болуы тиіс деп есептейміз. Басқа жағдайларға сілтемелер болмауы керек. Рақмет.

ЕРҒАЛИЕВ Ә.А. Сұрағыңызға рақмет.

Бірінші мәселе бойынша «қайта ұйымдастыру» деп әкімшілік-аумақтық бірліктерді қосу, біріктіру және бөлу болып табылады, яғни әкімшілік-аумақтық бірлікті құру осы тәсілдердің бірі болып табылады. Сондықтан әкімшілік-аумақтық бірліктер қосылатын немесе бөлінетін болса, онда ауыл әкімін сайлау қайта болады.

Екінші мәселе бойынша айтсақ, ауыл әкімі мемлекеттік қызмет түрінде қалады, сондықтан заңнамада «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Заңға және Еңбек кодексіне тиісті сілтеме жасалған, яғни басқа заңнамалық актілерде нормалар қайталанбас үшін заңнамада «өзге жағдайлар» деп тұжырымдау көзделген. Рақмет.

ТӨРАҒА. Жақсы. Басқа сұрақтар жоқ.

Рақмет, Әсет Арманұлы. Орныңызға отырыңыз.

Қосымша баяндама жасау үшін сөз Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитетінің мүшесі Сүлеймен Ләззат Жаңылысқызына беріледі.

СҮЛЕЙМЕН Л.Ж. Рақмет.

Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті депутаттар! Президент Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың VII шақырылған Парламенттің бірінші сессиясында айтқан сайлау жүйесіне өзгерістер енгізу туралы тапсырмасын іске асыру мақсатында «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының жобасын және «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сайлау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын назарларыңызға ұсынамын.

Сайлау туралы заң жобасы аясында төрт заңға түзетулер енгізіліп отыр. Олар «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заң, «Саяси партиялар туралы» Заң, «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» Заң, «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Заң.

Сайлау туралы заңға өзгерістерге тоқталатын болсам:

1) аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің әкімдерінің сайланбалылығын енгізу;

2) саяси партиялардың Мәжіліс пен мәслихаттар сайлауы кезінде депутаттық мандатқа ие болуы үшін алуы тиіс сайлаушылардың 7 пайыз дауысын 5 пайызға дейін төмендету;

3) сайлау бюллетеньдеріне «Бәріне қарсымын» деген бағанды енгізу.

Ұсынылып отырған бұл концептуалды өзгерістер сарапшылар, саясаттанушылар, сайлаушылар, халықаралық ұйымдардың қоғамдағы біраз уақыттан бері қойып келе жатқан мәселелердің бірі.

Бұл түзетулер елімізде жергілікті өзін-өзі басқару институтын нығайтудың келесі кезеңін қамтамасыз ету үшін жасалып отырған нақты қадам.

Орта Азия мемлекеттері арасында Қазақстан бірінші болып жергілікті әкімдер сайланбалылығын енгізіп отыр. Нақты айтатын болсақ, 2 мың 345 әкімшілік-аумақтық бірлік әкімінің сайланбалылығы енгізілуде.

Ауыл әкімдерін сайлау 2021 – 2025 жылдар аралығында іс басындағы ауыл әкімдерінің өкілеттік мерзімдерінің аяқталуына орай кезең-кезеңмен өткізіледі.

Ағымдағы жылдың екінші жартыжылдығында 836 ауыл әкімі үшін халық тікелей дауыс беретін болады.

Ауыл әкімдігіне үміткерді:

саяси партиялар әр ауылдық округте 1 үміткерден;

азаматтарға өзін-өзі ұсыну құқығы беріліп отыр;

және үміткерді ұсына алатын үшінші субъект, ол аудан әкімі, егер ұсыну мерзімінің соңына дейін бір ғана кандидат қалса (біздің елімізде баламасыз сайлау өткізілмейді), онда аудан әкімі кандидаттар ұсына алады. Бұл кандидаттарды әкім жергілікті қауымдастықпен келісуі керек.

Қазіргі тәжірибеде кейбір жағдайларда кейбір аудан әкімдері ауыл әкіміне үміткерлер ұсынғанда жергілікті қауымдастық деп аз ғана топпен кездеседі деген пікір бар. Тікелей сайлауда бұған жол берілмеу керек, жергілікті қауымдастық өкілдерімен толыққанды келісім болу керек.

Сайлаудың барлық кезеңдері ашық, жариялы өтуі тиіс, байқаушылардың қатысуы да заңға енгізіліп отыр.

Сайлау жүйесі – мажоритарлық, яғни көпшілік дауыс алған азамат ауыл әкім болып сайланады және қызметіне аумақтық сайлау комиссиясы оны тіркегеннен кейін бірден кіріседі.

Жергілікті қауымдастыққа әкімге сенімсіздік білдіру құқығы нақтыланып отыр. Заң жобаларында ауыл әкімін лауазымынан босату туралы, оған сенімсіздік көрсету туралы мәселеге жергілікті қоғамдастықтың жиналысы бастамашылық жасаса, онда бұл мәселе тиісті мәслихатта қаралуы заңдастырылып отыр. Бұл ретте жергілікті қауымдастық жиналысы заңды болып табылу үшін ауыл тұрғындарының 50 пайызы қатысуы тиіс.

Ауыл әкімдері болып бәсекеге қабілетті адамдар келуі осы үрдістің дұрыс қалыптасуы үшін де, жергілікті халық үшін де айтарлықтай маңызға ие.

Екінші мәселе, Мәжіліс пен мәслихат депутаттарын сайлауда саяси партиялардың өту шегін 7 пайыздан 5 пайызға дейін төмендету саяси бәсекелестікті одан әрі дамытуға бағытталып отыр. Әлемдік тәжірибеде бұл 1-ден 10-ға дейінгі пайыз арасында. Көптеген дамыған мемлекеттерде пропорционалды жүйе бойынша сайлау шегі 5 пайыз деңгейінде қалыптасқанын айту керек.

Үшінші мәселе, сайлау бюллетеніне «Барлығына қарсы» деген бағанды енгізу. Бұл тәжірибе Ресейде, Австралияда, Испанияда, Үндістанда және бірқатар Еуропа елдерінің

бюллетеньдерінде бар. Сайлаушыға таңдау еркіндігін қамтамасыз ететін бұл да маңызды норма.

Сонымен қатар ілеспе жобада (жоғарыда төрт заң аталды) әкімдер сайланбалылығынан туындайтын нормалар сәйкестендірілді, сайланған әкімдерді әскери жиындарға шақырудан босату, ротацияны, аттестаттауды және тәртіптік теріс қылықтары мен жазалары үшін лауазымын төмендетуді алып тастау, саяси партиялардың құқықтары мен міндеттерін толықтыру бөлігінде өзгерістер енгізу көзделуде.

Енгізіліп отырған жаңашылдықтар:

азаматтардың конституциялық құқықтарын толыққанды іске асыруға;

ауыл әкімдерінің жергілікті жерде қордаланған проблемаларды шешуі;

«Халық үніне құлақ асатын» мемлекет тұжырымдамасын іске асыруға мүмкіндік береді.

Тағы бір қосқым келетін бір мәселе, Жалпыұлттық іс-шаралар жоспарын орындау шеңберінде Ұлттық экономика министрлігімен ауылдық биліктің дербестігін, жауапкершілігін кеңейту жөніндегі заң жобасы әзірленуде. Бұл жоба ауылдарда қаражаттың кіріс базасын кеңейтуге бюджеттің төртінші деңгейіне қосымша салықтар мен төлемдердің 4 түрін беруді қарастырып отыр (қазір бұл көрсеткіш 13,4 пайыз көлемінде) және әкімдер жиі көтеретін мәселе, бюджеттік рәсімдерді оңайлатуға бағытталған түзетулер де көзделуде.

Сонымен қатар сайланған ауыл әкімдеріне біліктілікті арттыру курстарын өткізу жоспары бар, өкілетті органдар тиісті бағдарламалар дайындауда. Бұл бағдарламаның жаңа сайланған әкімдерге практикалық тұрғыдан пайдалы көмек және тиімді болуы шарт.

Сайлау туралы осы заң жобаларының шеңберінде 15 заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілер қабылданады немесе өзгерістер енгізіледі.

Әкімдер сайланбалылығын енгізу халқымыздың 41 пайызы тұратын ауылдарымыздың өркендеуіне және азаматтардың мемлекет ісіне араласуына ықпалын күшейтеді деп күтілуде. Бұл орайда сайлауға барлық қатысушылар, саяси партиялар, сайлау комиссиялары, сайлаушылар бүкіл қоғам алдында алғашқы сайланбалы әкімдердің сайлауын өткізуде практикада дұрыс әрі тиімді тәжірибе қалыптасу үшін жауапты міндеттері тұр.

Заң жобасын қабылдау теріс әлеуметтік-экономикалық, құқықтық салдарға әкелмейді.

Құрметті депутаттар, баяндалғанды ескере отырып, Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитеті заң жобасын қабылдауды ұсынады.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Ләззат Жаңылысқызы.

Енді заң жобасын талқылауға көшейік.

Сөз депутат Мәкежанов Сұлтанбек Алмасбекұлына беріледі.

МӘКЕЖАНОВ С.А. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Президент Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауында «Біз «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» құруды қолға алдық. ...бұл – мемлекеттік органдар тек

азаматтардың күнделікті мәселесіне байланысты жауап қатуы тиіс деген сөз емес. Бұл, ең алдымен, билік пен қоғам арасындағы тұрақты диалог», – деп көрсеткен болатын.

Соған байланысты бүгінгі қаралып отырған заң жобалары билік пен қоғам арасындағы тұрақты сұхбатты қалыптастыратын саяси реформаның жалғасы ретінде Мемлекет басшысының аталған Жолдауындағы тапсырмаларын іске асыру мақсатында әзірленіп отыр. Заң жобаларында еліміздің азаматтарының мемлекеттің басқару ісіне кеңінен қатысып, оны белсенді түрде жүргізу үшін ауыл әкімдерінің сайлауына қатысу мүмкіндіктері жан-жақты қарастырылған.

Бүгінгі баяндамада көрсетілгендей, қазіргі таңда елімізде 2 мың 345 әкімшілік аумақтық бірлікте ауыл әкімдері қызмет жасауда. Заң қабылданғаннан кейін ағымдағы жылдың екінші жартыжылдығында оның ішіндегі 836 әкімді тікелей дауыс беру арқылы сайлау мүмкіндігі ашылады. Бұл елімізде жергілікті өзін-өзі басқару құрылымын нығайтуға жергілікті жерде халықтық орта қалыптастыратын нақты шешім. Заң жобасында әкімдердің сайланбалы болуымен қатар мемлекеттік басқару деңгейіндегі құзыреттілігі айқындалған. Әкімдердің төте сайлануы жергілікті мемлекеттік басқару органдарының халықтың қажеттіліктері мен проблемаларын сезіну мүмкіндігін арттыруға ықпал ететін болады.

Аталмыш құжаттардағы баса көңіл бөлетін бірден-бір маңызды жаңашылдық – бұл аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтердегі әкімдердің үміткерлерге өзін-өзі ұсынуы нысаналы көзделген. Өзін-өзі ұсыну сайлау процесін өткізудің демократиялығын, бәсекелестігін және баламалылығын қамтамасыз ететін өте маңызды шарттардың бірі болып табылады.

Заң жобаларындағы сайлау кезінде саяси партиялардың өту шегінің 7 пайыздан 5 пайызға дейін төмендеуі, сондай-ақ барлық деңгейдегі сайлау бюллетендеріне «Барлығына қарсымын» деген шешім қосылғандығы өте елеулі мәселе деп есептейміз. Себебі ол сайлау процесінде барлық тіркелген саяси партиялардың сайлауына қатысуға ынталандырып, сайлаушылардың таңдау еркіндігін қамтамасыз ететін болады.

Егер халықаралық тәжірибені қарайтын болсақ, аталған нормалар Еуропаның және ТМД мемлекеттерінің кейбірінде ғана қалыптасып отыр. Ол туралы бүгін баяндамада айтылды.

Құрметті әріптестер, жоғарыда айтылғандарға байланысты ұсынылып отырған заң жобаларын қолдауларыңызды сұраймын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Талқылауға қатысатын басқа депутаттар жоқ. Енді заң жобалары бойынша жеке-жеке шешім қабылдайық.

Алдымен «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының жобасын қабылдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Заң қабылданды.

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сайлау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының



жобасын қабылдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Заң қабылданды.

Құрметті әріптестер! Қабылданған заңдар аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдерінің тікелей халықтың дауыс беруімен сайлануын бекітіп, сайлау процесінің тәртібін айқындайды. Сондай-ақ саяси партиялардың Мәжіліс пен мәслихаттарға өту шегін 7 пайыздан 5 пайызға дейін төмендету көзделіп отыр. Сонымен қатар дауыс беру бюллетеньдеріне «Бәріне қарсымын» деген баған қосылады.

Бұл – еліміздің қоғамдық-саяси өміріндегі аса маңызды оқиға.

Мемлекет басшысының осы бастамасы еліміздің саяси жүйесін одан әрі дамытуға және саяси бәсекелестікті күшейтуге айтарлықтай үлес қосатыны сөзсіз. Сондай-ақ жергілікті әкімдердің сайлауын өткізу басқару жүйесінің тиімділігін арттырады деп сенеміз.

Осы мәселе бойынша шақырылған азаматтарға рақмет. Сау болыңыздар.

Құрметті депутаттар! Күн тәртібіндегі мәселелер толық қаралып болды. Енді депутаттық сауалдарға көшуге болады.

Құрметті әріптестер, депутаттық сауалдар бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса, Сенат отырысын жабық деп жариялаймын. Баршаңызға рақмет. Сау болыңыздар

ОТЫРЫСТЫҢ СОҢЫ.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТИ  
СЕНАТЫНЫҢ ТӨРАҒАСЫ

М. ӘШІМБАЕВ

**МАЗМҰНЫ**  
**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ**  
**СЕНАТЫНЫҢ ОТЫРЫСЫ**  
**2021 жылғы 20 мамыр**

**Күн тәртібі бойынша**

О повестке дня ..... 1

**Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мақұлдаған «2021 – 2023 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде**

О проекте Закона Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в Закон Республики Казахстан «О республиканском бюджете на 2021 – 2023 годы», одобренном Мажилисом Парламента Республики Казахстан

**Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрі**  
**Ә.А. ЕРҒАЛИЕВТЫҢ баяндамасы**

Доклад Министра национальной экономики Республики Казахстан  
ИРҒАЛИЕВА А.А. .... 1

**Қазақстан Республикасының Қаржы министрі Е.К. ЖАМАУБАЕВТЫҢ**  
**баяндамасы**

Доклад Министра финансов Республики Казахстан ЖАМАУБАЕВА Е.К. .... 2

**Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Төрағасы Е.А. ДОСАЕВТЫҢ**  
**баяндамасы**

Доклад Председателя Национального Банка Республики Казахстан  
ДОСАЕВА Е.А. .... 4

**Сөз сөйлегендер:**

Выступили:

ҚАПБАРОВА А.Ж. .... 6

ЦОЙ А.В. – Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрі, Министр  
здравоохранения Республики Казахстан ..... 6

ТОҒЖАНОВ Е.Л. – Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің  
орынбасары, Заместитель Премьер-Министра Республики Казахстан ..... 7

ҚҰРТАЕВ Ә.С. .... 8

ОРЫНБЕКОВ Б.С. .... 9

КАРПЛЮК С.А. .... 10

СМАЙЫЛОВ Ә.А. – Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші  
орынбасары, Первый заместитель Премьер-Министра Республики Казахстан ..... 10

НҰРАЛИЕВ Ә.Т. .... 12

ОМАРОВ С.К. – Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрі, Министр сельского хозяйства Республики Казахстан .....	13
БУЛАВКИНА О.А. ....	13
ЖҰМАҒАЗИЕВ М.С. ....	15
ОМАРОВ С.К. ....	16
МУСИН Д.М. ....	17
МЫРЗАҒАЛИЕВ М.М. – Қазақстан Республикасының Экология, геология және табиғи ресурстар министрі, Министр экологии, геологии и природных ресурсов Республики Казахстан .....	18
НУХҰЛЫ А. ....	18
ШӨПКЕНОВ С.Ж. – Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі, Министр труда и социальной защиты населения Республики Казахстан .....	19
НӨКЕТАЕВА Д.Ж. ....	19
АЙМАҒАМБЕТОВ А.Қ. – Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрі, Министр образования и науки Республики Казахстан .....	20
НҰРЖІГІТОВА Д.Ө. ....	21
АТАМҚҰЛОВ Б.Б. – Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі, Министр индустрии и инфраструктурного развития Республики Казахстан .....	22
ЛУКИН А.И. ....	22
ТҰРҒЫМБАЕВ Е.З. – Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрі, Министр внутренних дел Республики Казахстан .....	23

**Қаржы және бюджет комитетінің төрайымы О.В. ПЕРЕПЕЧИНАНЫҢ  
қосымша баяндамасы**

Содоклад председателя Комитета по финансам и бюджету ПЕРЕПЕЧИНОЙ О.В. ....	24
---	----

**Сөз сөйлегендер:**

Выступили:

КҮРІШБАЕВ А.Қ. ....	27
ТӨРЕҒАЛИЕВ Н. ....	29
СҰЛТАНОВ Е.Х. ....	30
СМАЙЫЛОВ Ә.А. ....	33

**Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мақұлдаған «Қазақстан  
Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық  
заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы  
Конституциялық заңының жобасы жөнінде**

О проекте Конституционного закона Республики Казахстан «О внесении изменений  
и дополнений в Конституционный закон Республики Казахстан «О выборах в Республике  
Казахстан», одобренном Мажилисом Парламента Республики Казахстан

**Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мақұлдаған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сайлау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде**

О проекте Закона Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам выборов», одобренном Мажилисом Парламента Республики Казахстан

**Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрі  
Ә.А. ЕРҒАЛИЕВТЫҢ баяндамасы**

Доклад Министра национальной экономики Республики Казахстан  
ИРҒАЛИЕВА А.А. .... 33

**Сөз сөйлегендер:**

Выступили:

ҚЫЛЫШБАЕВ Н.Н. .... 34

ДАУЫЛБАЕВ Е.С. – Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының мүшесі, член Центральной избирательной комиссии Республики Казахстан ..... 35

ПАН Н.В. – Қазақстан Республикасының Әділет вице-министрі, вице-министр юстиции Республики Казахстан ..... 35

АЛДАШЕВ С.Т. .... 36

**Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитетінің мүшесі Л.Ж. СҮЛЕЙМЕННІҢ қосымша баяндамасы**

Содоклад члена Комитета по конституционному законодательству, судебной системе и правоохранительным органам СУЛЕЙМЕН Л.Ж. .... 37

**Сөз сөйлеген:**

Выступил:


МӘКЕЖАНОВ С.А. .... 39

ШЖҚ-дағы "Материалдық-техникалық қамтамасыз ету басқармасының инженерлік орталығы" РМК директоры



А. Құсайынов

Стенографиялау қызметінің жетекші редакторы



И. Шыныбаева